

Әділетті Қазақстан

Елімізде жауапкершілік идеологиясы орнығуға тиіс. Ойланбай жасалған бір қадам, аңдамай айтылған бір ауыз сөз, ашумен істелген бір әрекет бүкіл елге қауіп төндіруі мүмкін. Сондықтан әрбір адам ел алдындағы жауапкершілігін терең сезінуге тиіс.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ



ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

6

МӘСЕЛЕ



САПАСЫЗ ТАҒАМ

7

МӘДЕНИЕТ



ҰЛЫ ДАЛА МҰРАСЫ

12

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

13.06.2023

Түнде:



+20+22 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+29+31 °C
Көшпелі бұлтты, өткінші жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы: 2-7 м/с

14.06.2023

Түнде:



+22+24 °C
Көшпелі бұлтты, өткінші жаңбыр, найзағай.

Күндіз:



+31+33 °C
Көшпелі бұлтты, өткінші жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы: 2-7 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty

AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №72 (6365) 13 маусым, сейсенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

#БІЗБІРГЕМІЗ

«БҰЛ – БҮКІЛ ХАЛҚЫМЫЗ ҮШІН ҮЛКЕН ҚАСІРЕТ

Осындай кезде бәріміз бір халық, бір ұлт болып бірге жұмыс істеуіміз керек»

• Апат айтып келмейді. Өткен жылы ғана Қостанай облысының орман алқаптарында болған алапат өртте 43 мың га орман шаруашылығы отқа оранған еді. Биыл қасіретті жағдай тағы қайталанды. Абай облысындағы алапат өртке байланысты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 11–13 маусым күндері Вьетнамға жоспарланған ресми сапарын кейінге шегеріп, шұғыл кеңес өткізу және апаттан зардап шеккен азаматтарға көмек көрсету шараларын қабылдау үшін Абай облысына барды. Орман өртінің салдарынан адамдардың қазаға ұшырауына байланысты 2023 жылғы 12 маусымды Қазақстан Республикасында Жалпыұлттық аза тұту күні деп жариялау туралы өкімге қол қойды.



Мемлекет басшысы Абай облысына жұмыс сапарымен келіп, өртеніп жатқан орман алқабын тікұшақпен аралап шықты. Алапат өртке байланысты Төтенше жағдайлар жөніндегі жедел штабтың отырысын өткізді. Қасым-Жомарт Тоқаев «Семей орманы» табиғи резерватындағы алапат өрт салдарынан қаза тапқан орман шаруашылығы қызметкерлерінің отбасы мүшелері мен жақын туыстарымен кездесіп, оларға көңіл айтты.

3

ЖАҢА АЛМАТЫ

ЖОЛ ЖӨНДЕУ

жұмыстар жоспарға сай жүргізіледі



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Жолдағы орташа жөндеу жұмыстарының басталуына байланысты әл-Фараби даңғылының Достық даңғылынан Асқаров көшесіне дейінгі жалпы ұзындығы 9 шақырымнан асатын бөлігінде көлік қозғалысы ішінара шектеледі.

ҚЫСҚА...

- Президент қаза тапқан орман шаруашылығы қызметкерлерінің отбасына көңіл айтты.
- Түркия Президенті Қазақстан халқына көңіл айтты.
- Президент Пәкістан Премьер-министрі Шахбаз Шарифпен телефон арқылы сөйлесті.
- Өзбекстан Президенті Қазақстан халқына көңіл айтты.
- Бүгін Үкімет отырысы өтеді.
- Халықтың әлеуметтік жағынан осал санаттарының құқықтары жөніндегі уәкіл лауазымына Светлана Жақыпова тағайындалды.
- Сырым Шәріпханов ҚР Төтенше жағдайлар министрі лауазымына тағайындалды.
- Динара Зәкиева ҚР Бала құқықтары жөніндегі уәкіл лауазымына тағайындалды.
- Абай облысындағы өрттен зардап шеккендерге көмек көрсету үшін арнайы қор ашылды.
- Абай облысындағы өрт бойынша қылмыстық іс қозғалды.
- Димаш Құдайберген өрттен қаза тапқандардың отбасына көңіл айтты.
- Алапат өрттің сөндіру кезінде көз жұмған 14 орманшының тізімі жарияланды.
- Мобильді топ «Алтын Орда» базарында тәулік бойғы кезекшілікті бастады.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >

4



«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

- Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Президенті Владимир Путинді және Ресей халқын ұлттық мереке – Ресей күнімен құттықтады. Президент өзінің жеделхатында Ресей халқына амандық тіледі, сондай-ақ екі ел халықтарының игілігі мен мүддесі жолындағы ынтымақтастықтың нығая беретініне сенім білдірді.
- Мемлекет басшысы Үкіметке Абай облысындағы өртті сөндіру, сондай-ақ апат ауқымының кеңеюіне жол бермеу және азаматтар мен олардың мүлкінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қолда бар барлық техникалық және адами ресурстарды жұмылдыруды тапсырды. Өртті сөндіруге Қорғаныс министрлігінің бөлімшелері тартылды.
- Президент Жарлығымен Сырым Шәріпханов Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі лауазымына тағайындалды.

■ СЕНАТ

- Маулен Әшімбаев Мұсылман ақсақалдар кеңесінің Бас хатшысы Мұхаммед Әбделсаламмен кездесті. Кездесу барысында дінаралық және өркениетаралық диалогты бірлесіп дамыту жоспары талқыланды.

■ ҮКІМЕТ

- Абай облысындағы ірі табиғи өртті жою шаралары талқыланған кесте Үкімет басшысы Президент тапсырмасы бойынша ірі табиғи өртті жою және азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті техникалық және адами ресурстардың барлығы жұмылдырылғанын атап өтті. Қазіргі кезде өрттің жалпы ауданы 60 мың га-дан асады. Оны сөндіруге ТЖМ, Қорғаныс министрлігі, ІІМ, ЭТРМ және жергілікті атқарушы органдардың күштері мен құралдары жұмылдырылған. Атап айтқанда, 800-ге жуық адам, 190 техника және 8 тікұшақ тартылған. ТЖМ деректеріне сай, өрт Талица, Каштак, Барышев-ка, Успенка, Поднебесное және Камышенка елдімекендеріне қарай үш бағытта таралуда. Азаматтар үшін уақытша орналастыру орындары жабықталған. Елдімекендерге төнген қауіп сейілді. Жұмыс – бақылауда.

■ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

- Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі 12 маусым күнгі Абай облысындағы өртті сөндіру бойынша ақпаратты жариялады. Қазір Абай облысында үш бағытта (оңтүстік, батыс және шығыс жиекте) өртті сөндіру жұмыстары жалғасуда. Минералдандырылған жолақтар жасау жұмыстары қолжетімділігі қиын болуына байланысты тоқтатылды. Елдімекендерге қауіп жоқ.
- Өртті сөндіруге ТЖМ, Орман шаруашылығы комитетінен, жергілікті атқарушы органдардан және Қорғаныс министрлігінен 1500-ге жуық адам, 300-ден астам бірлік техника жұмылдырылған. Өрт аумағын аэровизуалды тексеру және өрт ошақтарына әуеден су төгуді жүзеге асыру үшін 14 тікұшақ тартылды. Өртті сөндіру жұмыстары басталғаннан бері өрт ошақтарына әуеден 777 рет су төгілді, жалпы көлемі 2000-нан астам тоннаны құрайды. ТЖМ және ТЖД жедел желі телефондары: 8 (7172) 53-32-84, 8 (722) 235-38-31.

■ «АЛТЫН ОРДА»

- Премьер-Министрдің орынбасары – Сауда және интеграция министрі Серік Жұманғариннің төрағалығымен өткен әлеуметтік маңызы бар өнімдердің бағасын тұрақтандыруға арналған апталық кесте елдегі және «Алтын Орда» базарындағы баға ахуалы қаралды.
- СИМ сауда комитеті төрағасының міндетін атқарушы Айдар Әбілдабеков атап өткендей, «Алтын Орда» базарында мобильді топ құрылып, базарда тәулік бойғы кезекшілікке кірісті. Сатушылар, жеткізушілер, жүргізушілер мен базарға келген азаматтардың өтініштерін қабылдау және жедел жауап беру үшін «Алтын Орда Open» Телеграмм-чаты мен бірыңғай байланыс орталығы (call center 8 (7273) 195 160, 8 747 059 70 54) құрылды.

■ ҰЛТТЫҚ ЖОБА

- Биылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 2021–2025 жылдарға арналған Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобаға 352,6 мың адам қатысты. 233,1 мың адам жұмысқа орналасты, оның 100,1 мыңы – тұрақты жұмыс, деп хабарлады ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.
- Субсидияланатын жұмыс орындарына 133 мың адам орналастырылды. Оның ішінде әлеуметтік жұмыс орындарымен 14,6 мың адам, жастар практикасымен 8,6 мың адам, қоғамдық жұмыстармен 94,8 мың адам, «Алғашқы жұмыс орны» жобасы аясында 3,9 мың адам, «Ұрпақтар келісім-шарты» жобасы аясында 140 адам, «Күміс жас» жобасы аясында 11 мың адам жұмыспен қамтылды.
- Еңбек нарығында сұранысқа ие дағдылар бойынша онлайн оқытумен 25,2 мың жұмыссыз қамтылды, оның ішінде 22,8 мың оқуды аяқтады.

■ «БАСТАУ БИЗНЕС»

- Биыл «Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқытумен 88,3 мың адам қамтылды, оның ішінде 66,7 мың адам оқуды аяқтап, сертификаттар алды. Қызмет саласын таңдау мақсатында 64,7 мың адам әлеуметтік кәсіптік бағдарлаудан өтті.
- 2023 жылы Ұлттық жоба шеңберінде 400 АЕК (1 380 000 теңге) мөлшерінде жаңа бизнес-бастамаларды іске асыру үшін 9 мың грант беру көзделген. Жыл басынан бері 2615 грант берілді.

■ АЗАМАТТЫҚ АВИАЦИЯ

- Мемлекет басшысының ұшу географиясын кеңейту және халықаралық рейстер санын ұлғайту жөніндегі тапсырмасы шеңберінде Азаматтық авиация комитеті Пәкістанның авиациялық билігімен бірлесіп және ҚР Пәкістандағы Елшісі Е.С.Кистафиннің көмегімен SCAT әуе компаниясының Пәкістанға тұрақты жолаушылар рейстерін ашу мәселесін пысықтады, деп хабарлады ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі.
- 2023 жылғы 8 шілдеден бастап SCAT әуе компаниясы Boeing 737 үлгісіндегі әуе кемелерінде аптасына 2 рейс жиілігімен (сәрсенбі және сенбі) Алматы – Лахор бағыты бойынша тікелей тұрақты жолаушылар рейстерін орындауды бастауды жоспарлап отыр.

(Дереккөздер: akorda.kz; parlam.kz; ortcom.kz, primeminister.kz).

■ КӨМЕК

БІРГЕМІЗ. БЕРІК ІРГЕМІЗ!

Абай облысының «Семей орманы» табиғи резерваты аумағында болған өрттен табиғи құндылықтарымыз ғана зардап шегіп қоймай, ең қайғылысы адам шығыны орын алды.

Рая
ЕСКЕНДІР

Осыған орай, еліміздің барлық аймағы семейліктерге қолын созып, көмек көрсетуге кірісті. Алматы қаласында да 12 маусымнан бастап, Абай облысының тұрғындары үшін гуманитарлық көмек жинау жұмыстары басталды. Жастар саясаты басқармасының мәлімдеуінше, Алматы қаласындағы гуманитарлық көмек жинау пункті Байтұрсынов көшесі, 22к1, 1-қабат мекенжайындағы Алматы қаласының еріктілер фронт-офисінде орналасқан.

Жинау пунктінде көмек көрсеткісі келетін қайырымды жандардан кез келген көлемде қажетті заттар мен өнімдер қабылданады. Дәл қазір зардап шеккен аумақтағы тұрғындар үшін ең басты қажетті заттар:

- көрпелер, ұйықтайтын сөмке-қапшықтар,
- тыныс алатын бетперделер,
- термос, қол шамы, қуаттауыштар,
- жөргектер, дымқыл майлықтар, жеке және әйелдер гигиенасының құралдары,
- қажетті өнімдер (консервілер, печенье және т.б.),
- бір рет қолданылатын ыдыстар,
- су және т.б.

Қабылдау пункті сағат 10.00-ден 19.00-ге дейін



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

■ ӨРТ ОШАҒЫНАН

Сырым ШӘРІПХАНОВ,
Төтенше жағдайлар министрі:

ЖАҒДАЙ ТҰРАҚТЫ ЖӘНЕ
БАҚЫЛАУДА

ҚР ТЖМ баспасөз қызметі хабарлағандай, Төтенше жағдайлар министрі Сырым Шәріпханов Абай облысындағы өрт жағдайы туралы айтып берді. Оның айтуынша, қазіргі уақытта жағдай тұрақты және бақылауда. «Температураның жоғарылауына және екпінді желге байланысты өрттің таралуының қаупі бар, алайда бізде өртті оқшаулау үшін күштер мен құралдардың тобы жеткілікті», – деді министр.

Орман өртін сөндіруге ТЖМ, Орман шаруашылығы комитеті, жергілікті атқарушы органдар, Қорғаныс министрлігі мен ІІМ-нен 1500-ге жуық адам, 300-ден астам техника жұмылдырылған. Сондай-ақ, өрт ошақтарына су төгу үшін су ағызу құрылғылары бар 12 тікұшақ және өрт аумағын аэровизуалды тексеруді жүзеге асыру үшін 2 тікұшақ тартылды. Өрт басталғалы



бері барлығы 1017 рет көлемі 3000 тоннадан астам су ағызылды.

Ұшу кезінде министр шығыс бағытта өрттің белсенділігі байқалғанын, дегенмен авиациялық техникамен және жерүсті топтармен жану ошақтарын жойып, өртті сөндіру үшін күштер мен құралдарды жұмылдыруда нақты міндеттер қойылғанын атап өтті. Сонымен қатар,

министр айтқандай, жұмылдырылған күштер мен құралдардың жедел іс-әрекеттерінің арқасында өрттің таралуын тоқтатуға қол жеткізілген. Қазіргі уақытта жедел штабтың деректері бойынша өрттің жалпы көлемі 60 000 га құрайды, оның 43 000 га жану ошақтары байқалады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



#БІЗБІРГЕМІЗ

«БҰЛ – БҮКІЛ ХАЛҚЫМЫЗ ҮШІН ҮЛКЕН ҚАСІРЕТ

Осындай кезде бәріміз бір халық, бір ұлт болып
бірге жұмыс істеуіміз керек»



(Басы 1-бетте)

Төтенше жағдайлар вице-министрі Марат Күлдіков пен Абай облысының әкімі Нұрлан Ұранхаевтың табиғат апаты салдарымен күрес жөнінде қабылданып жатқан шаралар туралы мәлімет берді.

Президент өртке оранған орман алқабын тікұшақпен аралап шыққан соң Бородулиха ауылында орналасқан мобильді командалық пунктке келді.

Барлық сала бойынша тиісті іс-шаралар қабылданады

Қасым-Жомарт Тоқаев «Семей орманы» табиғи резерватындағы алапат өрт салдарынан қаза тапқан орман шаруашылығы қызметкерлерінің отбасы мүшелері мен жақын туыстарымен кездесіп, оларға көңіл айтты.

— Көңіл айтуға арнайы келіп отырмын. Бұл – бүкіл халқымыз үшін үлкен қасірет. Еліміздің қайғысы. Бекем болыңыздар! Орны толмас қайғы екенін түсінемін. Сіздерге жан-жақты көмек көрсету жөнінде Үкіметке тапсырма бердім. Үкіметке немесе маған жеке өтініштеріңіз болса, айтыңыздар. Барлық өтінішті орындаймыз. Қаза тапқан азаматтар қайтып келмейді. Бірақ өмір жалғасады. Осы қайғылы жағдайға кінәлілердің бәрі заң бойынша жауапқа тартылады. Дүйсенбі күні еліміз бойынша Жалпыұлттық аза тұту күні деп жариялады. Біз қаза тапқан азаматтарды еске аламыз. Сабыр сақтап, бекем болыңыздар. Құқық қорғау органдары мен министрліктер тарапынан болсын, барлық сала бойынша тиісті шаралар қабылданады. Қазір кеңес өткіземін. Бұл жағдайдан міндетті түрде тиісті қорытынды шығарамыз, — деді Мемлекет басшысы.

Қаза тапқан азаматтардың туыстары Президентке қиын жағдайға тап болғанын айтып, тұрмыстық проблемаларын шешіп беруді сұрады. Сондай-ақ, орман шаруашылығындағы олқылықтар туралы арыз-шағымдарын жеткізді. Атап айтқанда, марқұмдардың туған-туыстары резерваттағы материалдық-техникалық база сын көтермейтінін, орманшылардың еңбекақысы аздығын, ал қызметкерлерді әлеуметтік қорғау шаралары нашар екенін айтты.

Мемлекет басшысы Бас прокуратура осы қайғылы жағдай бойынша тергеу амалдарын жүргізіп, кінәлі адамдар жауапқа тартылатынын айтты. Сондай-ақ, Президент жақынан айырылған отбасыларға таяу арада көмек көрсету жөнінде Үкіметке тапсырмалар берді.

Негізгі міндет – жұмысты сапалы жүргізу

Қасым-Жомарт Тоқаев Абай облысындағы алапат өртке байланысты Төтенше жағдайлар жөніндегі жедел штабтың отырысын өткізді.

Жиынға қатысушылар, ең алдымен, табиғат апаты кезінде қаза тапқан азаматтарды бір минут үнсіздікпен еске алды.



— Елімізде тағы да алапат өрт болып жатыр. Өкінішке қарай, тілсіз жаумен күрес кезінде азаматтарымыз қайтыс болды. 14 адам қызметтік міндетін атқарып жүріп ерлікпен қаза тапты. Мен жаңа ғана бұл адамдардың туыстарымен кездестім. Өте ауыр әңгіме болды. Жұрт жылап отыр. Үкіметке наразылығын айтып жатыр. Марқұмдардың отбасыларына және жақындарына қайғыра көңіл айтамын, — деді Мемлекет басшысы.

Президент жаңадан тағайындалған Төтенше жағдайлар министрі, генерал-майор Сырым Шәріпхановты таныстырып, ведомствоға жүктелетін басты міндеттерді атап өтті.

— Алда ауқымды жұмыс бар. Жалпы, бұл салада түйткілдер, шешілмей жатқан мәселелер аз емес. Қазіргі таңда негізгі міндет – жұмысты сапалы жүргізу. Бұл – ең алдымен, осындай апаттарға жол бермеу қажет, сонымен қатар төтенше жағдай болған кезде тиісті шаралар жоғары деңгейде ұйымдастырылуы керек деген сөз. Бұл жағдай кәсіби салғырттықты, адамдардың тағдырына бей-жай қарайтынымызды көрсетті. Мен бұған тағы да көз жеткіздім. Ал қазіргі таңда сапалы, дұрыс жұмыс атқарылып жатқан жоқ. Мұны мойындауымыз керек. Бір сөзбен айтқанда, бұл саланың жұмысын түбегейлі жақсарту қажет. Министрлік және оның басшылары өздерінің қызметтік міндеттеріне селқос қарайды. Не істеу керек екенін білмейді. Шұғыл шешімдер қабылдамайды. Сондықтан осындай қайғылы жағдай

болып отыр, — деді Мемлекет басшысы.

Президент өртпен күрес шараларының басы-қасында жүрген Төтенше жағдайлар вице-министрі Марат Күлдіков пен Абай облысының әкімі Нұрлан Ұранхаевтың табиғат апаты салдарымен күресу, жақын маңдағы елді мекендер тұрғындарын эвакуациялау және зардап шеккен тұрғындарға көмек көрсету жөнінде қабылданып жатқан шаралар туралы баяндамаларын тыңдады. Нұрлан Ұранхаевтың айтуынша, күннің ыстығы мен ұйытқыған желдің салдарынан өрт тез өршіп, 60 мың гектарға жуық орман алқабы өртке оранған. Өрт сөндіруге 300-ге жуық техника, 1500-ге жуық адам және 11 тікұшақ жұмылдырылған.

Президент баяндамашылардың жауабына көңілі толмайтынын жеткізді. Төтенше жағдайлар министрі Сырым Шәріпхановқа бағыт-бағдар берді. Ал Абай облысының әкімі Нұрлан Ұранхаевқа сөгіс жариялады.

Мемлекет басшысы қазір адам өмірін сақтау, сондай-ақ өртті ауыздықтау басты мақсат екенін атап өтті. Сонымен қатар, Үкімет пен облыс әкімдігіне келтірілген шығын көлемін шұғыл анықтау, зардап шеккен тұрғындардың бәріне қолдау көрсету, қаза тапқан азаматтардың отбасына және зардап шеккен адамдарға өтемақы төлеу мәселесін шешу, алапат өрт кезінде өмірін құрбан еткен жандарды мемлекеттік наградаға ұсыну, бүлінген нысандарды қалпына келтіру жұмыстарын дереу бастау жөнінде бірқатар тапсырма берді.

Дайындық сақадай сай болуға тиіс

Қасым-Жомарт Тоқаев былтыр Қостанай облысында болған өрттен қорытынды шығарылмағанын, берілген тапсырмалар атүсті орындалғанын қатаң сынға алды.

— Қауіп-қатердің бағаланбағаны қазірдің өзінде түсінікті болып отыр. Болжам дұрыс жасалмады. Нәтижесінде табиғат апаты тиісті деңгейде әрі дер кезінде ауыздықталмады. Демек, тиісті алгоритмдер жұмыс істемейді. Бұл, ең алдымен, ТЖМ-нің кемшілігі.

Бас прокуратураға қозғалған қылмыстық іс аясында уәкілетті органдар мен лауазымды адамдардың іс-әрекетіне нақты баға беруді тапсырамын, — деді Мемлекет басшысы.

Президент орман және дала өртін алдын ала анықтау және апатты жағдайдан сақтандыру жөніндегі жұмыс тәртібі жолға қойылмағанына назар аударды.

— Экология және табиғи ресурстар министрлігі мен өңірлердің әкімдері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, өрт ошақтарын ерте анықтаудың цифрлық жүйелерімен жабдықтау, өртті бейнебақылау және мониторинг жасау жүйелерін енгізу шараларын қабылдау керек. Мұндай жүйелерді енгізгенге дейін орман алқабын авиация арқылы және жерден бақылау, сондай-ақ өрт қаупі жоғары кезеңдерде «ұшқышсыз ұшатын аппараттарды» қолдану



жүйелігін арттыруы қажет. Сонымен қатар, табиғатты қорғау және орман мекемелерін өртке қарсы техникалармен жарақтандыру деңгейін талапқа сай нормаларға дейін жеткізуі керек, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы былтыр Қостанай облысындағы өрттен кейін азаматтық қорғаныс мекемелерінің, жергілікті атқарушы органдардың төтенше жағдайларға нақты дайындығын тексеру жөнінде тапсырма бергенін еске салды. Өкінішке қарай, нәтижесі көңіл көншітпейді. Материалдық-техникалық жабдықтау көрсеткіші 69 пайыз, функционалдық инфрақұрылыммен жабдықтау 63 пайыз деңгейінде. Ал орталық және жергілікті атқарушы органдардың төтенше жағдайларға әзірлігі 70 пайыз.

— Үкімет дайындық көрсеткіштерін төтенше жағдайларға тиісті деңгейде төтеп беретін деңгейге жеткізуі қажет. Әлемде бірде-бір мемлекет көп кәсіби өрт сөндірушіні ұстап тұра алмайды. Еріктілер отрядтарын тарту тәжірибесі кеңінен қолданылады және оларды оқытады, құрал-жабдықтармен қамтамасыз етеді және сақтандыру шаралары қарастырылады. Бізде де бұл нормалар заң жүзінде қарастырылған. Біз бұл ресурсты белсенді пайдалануымыз керек. Жаздың ыстығы енді ғана басталды. Кез келген уақытта өрт шығуы мүмкін. Сондай кезде өртке төтеп беру үшін дайындық сақадай сай болуға тиіс, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы орман алқаптарында жүрген кезде қауіпсіздік ережесін бұзатын азаматтарды қылмыстық жауапкершілікке тарту қажет екенін мәлімдеді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Төтенше жағдайлар жөніндегі жедел штабтың отырысынан кейін өрт сөндіруге жұмылдырылған құтқарушылармен және еріктілермен кездесті.

— Баршаңызға алғыс айтамын. Еріктілер, сіздерге де ризамын. Жарайсыздар! Сіздердің сіңірген еңбектеріңіз мемлекет тарапынан елеусіз қалмайды. Үлкен апат болды. 14 адам қаза тапты. Жаңа ғана азаматтармен кездестім. Өте ауыр жағдай. Сондықтан осындай қасіретті апат кезінде бәріміз бір халық, бір ұлт болып бірге жұмыс істеуіміз керек. Жаңа ғана кеңес өтті. Ұйымдастыру шараларын талқылады. Төтенше жағдай барлық елде болады. Ең бастысы, біз осы төтенше жағдайды, әсіресе, өртті адам шығынына жол бермей, уақытылы, тез ауыздықтай білуіміз керек. Аман болыңыздар, — деді Президент.

Мемлекет басшысы Абай облысында өрт кезінде қаза тапқандарды марапаттау туралы Жарлыққа қол қойды.

Абай облысында өрт салдарынан болған топтық жазатайым оқиғаның себептері мен мән-жайларын тергеп-тексеру үшін арнайы Үкіметтік комиссия құрылды. ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Роман Скляр басқаратын комиссия ормандағы өрттің шығу себебі мен оған кінәлілерді анықтау үшін зерттеу-зерттеу жұмыстарын жүргізетін болады. Сонымен бірге, келтірілген шығындар есептеліп, зардап шеккендер мен көз жұмғандардың отбасына көмек көрсету шаралары ұйымдастырылады. Үкіметтік комиссия бұл шараларды 10 жұмыс күні ішінде аяқтамақ. Тергеу нәтижелері қосымша хабарланатын болады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: akorda.kz).



АЙТЫЛДЫ – ОРЫНДАЛДЫ

«ЖАС ҚАНАТҚА» жаңа бағыт ашылды

Алматы қалалық мобильділік басқармасы хабарлағандай, қала әкімі Ерболат Досаевтың Түркісіб ауданы халқымен кездесуі кезінде түскен өтініш бойынша 12 маусымнан бастап «Жас қанат» шағын-ауданын Райымбек даңғылымен байланыстыратын жаңа №9 бағыт іске қосылды.

Басқарма мамандарының

айтуынша, жаңа қоғамдық көлік «Райымбек батыр» метро бекеті аялдамасынан Назарбаев даңғылы бойымен, ары қарай Райымбек даңғылы – Сүйінбай көшесімен, одан кейін Хмельницкий көшесінен «Жас қанат» шағынауданына дейін барады. Осыдан соң кері бағытпен жүреді. Желіде 8 автобус 8 минуттық жиілікпен жүретін болады.



ЖАҢА АЛМАТЫ

ЖОЛ ЖӨНДЕУ жұмыстар жоспарға сай жүргізіледі

(Басы 1-бетте)

Естеріңізге сала кетейік, 6 маусымнан бастап әл-Фараби даңғылында Есентай өзенінен өтетін көпір бойында реконструкция жұмыстары жүргізілуде. Жоба бойынша көпір қайта жаңғыртудан өтіп, екі жаяу жүргіншілерге арналған арнайы көпір салынатын болады. Қазіргі таңда инженерлік коммуникацияларды қайта орналастыру және айналып өту жолын ашу үшін бөлу жолағында дайындық жұмыстары жүріп жатыр.

Сондай-ақ, орташа жөндеу жұмыстары Абай даңғылының Достық даңғылынан Тілендиев көшесіне дейінгі бөлігінде де басталды. Қала тұрғындарына ыңғайлы болуы үшін жұмыс барысында көлік қозғалысы ішінара ғана шектеледі. Магистральды көшелердің орташа жөндеу жұмыстарын оқу жылының басына дейін аяқтау жоспарланған.

Алматы қалалық мобильділік басқармасының мәліметінше, әл-Фараби даңғылы бұған дейін 2010 жылы, ал Абай даңғылы 2012 жылы жөнделген. Алайда, тексеру жұмыстары барысында жол бойында шұңқыр, ойылған, жарылған, отырған жерлер анықталып, жолдың жағдайы туралы техникалық қорытынды жасалды. Қорытынды негізінде аталған учаскелерді орташа жөндеу жұмысы жоспарына қосылды.

Аталған жұмыстар орташа жол жөндеу жұмыстары аясында жоспарланған. Жол жөндеу жұмыстарына байланысты көлік қозғалысының шектелуі туралы акпарат БАҚ арқылы алдын ала жарияланып отыратын болады. Келтірілген қолайсыздықтар үшін кешірім өтініміз және жол жүру бағыттарыңызды алдын ала жоспарлауларыңызды сұраймыз.



ӨТІП, ДҮНИЕ!

МЕМЛЕКЕТШІЛ ТҮЛҒА ЕДІ...


Қала жұртшылығы көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Бердібек Сапарбаевты ақтық сапарға шығарып салды

Алматыда Абай атындағы қазақ ұлттық академиялық опера және балет театрында мемлекет және қоғам қайраткері Бердібек Мәшбекұлы Сапарбаевпен қоштасу рәсімі өтті. Марқұммен қоштасуға ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов, Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев және басқа да мемлекет, қоғам қайраткерлері қатысты.

Бесаспап қайраткер Бердібек Сапарбаев әр жылдары Қазақстанның бес аймағы: Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Ақтөбе және Жамбыл облыстарының әкімі болды. Сондай-ақ, Б.Сапарбаев екі рет ел Премьер-Министрінің орынбасары қызметін атқарды.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Бердібек Сапарбаевтың өмірден өтуіне байланысты орны толмас ауыр қайғыға ортақтасып, отбасы мен ағайын-туыстарына көңіл айтты:

«Бердібек Мәшбекұлы сан түрлі салада еңбек етіп, 45 жыл-



дан астам уақыт мемлекеттік қызметте еліміздің өркендеуіне қомақты үлес қосты. Тәуелсіздікті нығайту жолында қатардағы экономистен ҚР Премьер-Министрінің орынбасарына дейінгі лауазымды қызметтерді абыроймен атқарды. Әрдайым жауапты қызметтің тұтқасын ұстап, қысылтаяң уақытта да жүктелген күрделі міндетті тиянақты орындап, елдің сенімінен шыға

білді», – деп Бердібек Сапарбаевтың жарқын бейнесі ел-жұртының жүрегінде мәңгіге сақталатынын айтты.

Марқұммен қоштасу рәсімінің алдында белгілі саясаткердің әріптестерінің қатысуымен қаралы митинг өтті. Марқұмның денесі «Кеңсай-2» зиратына, 2002 жылы апаттан қайтыс болған үлкен ұлының жанына қойылды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ХАБАРЛАНДЫРУ

ЫСТЫҚ СУДАН УАҚЫТША АЖЫРАТЫЛАДЫ

«12–29 маусым аралығында Наурызбай ауданының аумағында Жуалы – Райымбек – Алтын Орда – Медеубеков көшелерінің тізбегінде орналасқан тұрғын үйлер мен басқа да ғимараттар ыстық судан ажыратылады», деп хабарлады «Алматы жылу жүйесі» ЖШС.

Бұл шектеу «Алматыжылу-коммунэнерго» ЖШС теңгерімінде тұрған «Премьер» қазандығына жоспарлы жөндеу жұмыстарын жүргізумен байланысты енгізіліп отыр.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

ҚАРБЫЗ ЖЕУГЕ АСЫҚПАҢЫЗ!

Алматыда және қалаға жақын елдімекендерді байланыстыратын үлкен жол тораптарында қауын-қарбыздардың алғашқы легі сатылымға шыға бастады. Мамандар бұл жемістерді шілденің ортасынан бастап тұтынуға кеңес береді.



Қазір күн ысыды. Қарбыздың 90%-ы судан тұрады. Сондықтан көпшілігіміз шөлімізді дәл осы жеміспен басқымыз келеді. Осыған орай, Алматының санитарлық дәрігерлері ерте піскен жемістер мен көкөністерден уланбаудың жолдары мен оларды тандағанда нені ескеру керектігін айтты.

Мамандар қарбызды мүмкіндігінше талапқа сай келетін арнайы сауда орындарынан, дүкендерден алуға кеңес береді. Жол бойында самсап тұрған қауын-қарбыздың барлығы тыңайтқыштардың көмегімен өсірілген. Оған қоса, бұл жемістер ары-бері жүйткіп жүріп жатқан көліктерден бөлінетін улы газдарды өздеріне тез сіңіреді. Сондықтан оларды ерте сатып алу қауіпті.

Жалпы, қарбыз маусымы тамыз айында басталады. Ол жерде өсетіндіктен, мұқият тазалап жууды қажет етеді. Піскен қарбыздың қабығы жылтыр, қою жасыл болады. Сондықтан қарбызды сатып аларда оған мұқият қараңыз. Егер ол жарылған немесе

майысқан болса, алмаңыз. Піскен қарбызды түртіп көргенде жаңғырған дыбыс береді. Егер қарбызды жоғарыдан, төменнен сәл қысқанда жағылып кетсе, онда піскен деген сөз. Тағы бір ескеретін жәйт, қарбыз жерде өсетіндіктен, оның жерде жатқан жағында ізі болады. Сол із ақ болса, ол піспей тұрып жинап алынған деген сөз. Ал піскенде жинаса ізі сары немесе қоңыр болады. Одан кейін сатушылар сізге қарбызды төрт-бұрыштап кесіп, ішінің қызыл екенін көрсетіп жатады. Бірақ мұндай қарбыздарды сатып алудың қажеті жоқ. Өйткені, сатушының пышағы арқылы бактериялар жұғуы немесе базардан үйге әкелгенше ластануы мүмкін.

«Сақтансаң, сақтаймын» деген. Қазір жол бойында қарбыз сатушылар да, оны сатып алушылар да көбейді. Егер қарбыздан уланып, ауруханаға түскініз келмесе, дәрігерлердің кеңесіне құлақ түріп, қарбыз жеуге асықпаңыз!

ҚОЛЖЕТІМДІ БАҒА



АРЗАН ӘРІ ҚҰНАРЛЫ

Шаһарда ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі өтті

Демалыс күндері Алматы облысының жақын маңдағы Қарасай, Жамбыл, Іле, Талғар және Еңбекшіқазақ аудандарының шаруа қожалықтары және Алматы қаласының азық-түлік кәсіпорындарының қатысуымен ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі өтті. Онда сүт, жеміс-көкөніс өнімдері, ұн, жарма, өсімдік және жануар майлары және т.б. барлығы 300 тоннаға жуық 50-ден астам өнім түрлері саудаланды.

Ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі Алматы ауданында (Тоголь-Масаншы көшесі) – 118 сауда орны; Бостандық ауданы («Қазақфильм» шағынауданы) – 85 сауда орны; Әуезов ауданы (Абай даңғылы, Өтеген батыр көшесінің қиылысы) – 61 сауда орны; Медеу ауданы (Мендікұлова к-сі, Бектұров қиылысы) – 10 сауда орны, (Шевченко к-сі, Қонаев к-сі қиылысы) – 30 сауда орындарында ұйымдастырылды.

Айта кетейік, ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі Алматыда демалыс күндері апта сайын өткізіледі. Ұйымдастырушылардың айтуынша, жыл басынан бері 264 жәрмеңке өткізілген. Жәрмеңкеде сауда жасаған тұрғындар нарықтағы бағадан 15-20%-ға төмен азық-түлік сатып алғандары үшін ризашылықтарын білдірді.

Бетгі әзірлеген Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



САРАПТАМА

ҚЫТАЙ НАЗАРЫНДАҒЫ ОРТА АЗИЯ:

БІЗ КӨРШІМІЗДІ ҚАНШАЛЫҚТЫ ТАНИ АЛДЫҚ?

Қытайда Орталық Азияны зерттеумен айналысатын ғылыми орталықтар саны бірнеше ондап саналады. Солардың арасында кемінде 11 институт жүйелі академиялық зерттеулер жүргізіп келеді. Жылына шамамен 65–70 мерзімді басылымда Орталық Азиядағы бес мемлекетке қатысты ғылыми-зерттеу мақалалары жарияланады. Әр жылы онға жуық монографиялық еңбектер жарық көреді. Бұлардың сыртында жүздеген онлайн сайттарда біздің аймаққа қатысты тақырыптар күн сайын дерлік кездесіп отырады. Соңғы кездері Қытайдың Қазақстандағы және жалпы Орталық Азиядағы стратегиялық қадамдарының жиілей түскені белгілі. Осы тұста еліміздегі қытайтану саласының деңгейі бұл үрдіске қаншалықты жауап бере алып отыр деген сұрақ туындайды. Ең алдымен, бір елдің өзіне көршілес елдер мен аймақтардың зерттеуі қалыпты және заңды іс-әрекет екенін айтқан жөн. Бір елге қатысты оның тілін, дінін, мәдениеті мен тарихын, экономикасы мен саясатын, әлеуметтік өмір салтын зерделеу сол елмен дипломатиялық қарым-қатынастардың дұрыс құрылуына жол ашады. Мемлекеттің ішкі-сыртқы саясаты қандайда бір ғылыми негізге жүгінібесе, кез келген саяси мақсат пен бағдарламаның сәтсіздігіне апарып соғатыны белгілі.

ҚЫТАЙТАНУ МЕН ОРТААЗИЯТАНУ

Өз еліндегі аймақтану ғылымының тарихын қарастырған қытайлық зерттеушілер Қытайда Орта Азияны академиялық деңгейде зерттеу істері өткен ғасырдың 30-жылдарында басталғанын айтады. Еліміздегі қытайтану ғылымының академиялық негізі Кеңес Одағы кезінде қаланды. Бірақ ол кезде сыртқы қарым-қатынас пен сыртқы саясатты тек Мәскеу белгілеп отырғандықтан, Қазақстанның өзі үшін қытайтану ғылымын дербес дамыту қажеттілігі болған жоқ.

Еліміздегі қытайтану мен Қытайдағы ортаазиятану (немесе қазақстантану) ғылымы Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін жаңа сипат пен бағытқа ие болды. Аймақтағы бес ел тәуелсіздікке ие болғаннан кейін Қытаймен жеке-жеке дипломатиялық қарым-қатынас орнатты. Бірақ бастапқыда барлық тараптарда бір-біріне деген терең түсінік жоқ еді. Бейжің өзінің тарихи тәжірибелеріне жүгінісе, аймақ елдері қытайтанудың кеңестік тәжірибелерін басшылыққа алды. Мұның өзі елдердің қытайтану мен ортаазиятану саласын дамытуға деген қажеттілігін арттырды. Бір анығы, сол кезден бастап қарқын алған Қытайдың Орта Азияны зерттеу істері мемлекет тарапынан баса мән берілген және мол инвестициямен дамытылған салаға айналды.

ОРТА АЗИЯНЫ ЗЕРТТЕУ ІСІ:
ТӨРТІНШІ КЕЗЕҢ

Қытайдың қазіргі заманғы ортаазиятану саласы соңғы 30 жыл ішінде үш кезеңді басып өтті. Бірінші кезеңі – 1991–2001 жылдар арасын, екінші кезеңі – 2001–2012 жылдарды, үшінші кезеңі – 2013 жылдан қазірге дейінгі уақытты қамтиды. Қытай «Орталық Азияны зерттеу кеңесі» деп аталатын мекемесін құрып, 1992 жылы он зерттеушісін жаңа тәуелсіздік алған мемлекеттерге жіберді.

Бұл Қытайдың Орта Азия елдерін дербес зерттеуінің алғашқы қадамы еді. 2001 жылдан басталған екінші кезеңде Қытайдың осы аймақты тануға деген талпынысы артты. Бұған ықпал еткен бірнеше түйіндер бар еді. Ең әуелі екі тараптың өзара қарым-қатынастары жаңа деңгейге өсті, сондай-ақ, «11 қыркүйек» оқиғасынан кейінгі халықаралық жағдай, жаңа сын-қатерлер Бейжің үшін өзінің солтүстік-батысындағы Шыңжаңмен шектесіп жатқан аймақты тіпті де терең тануға итермелей түсті. Әсіресе, терроризм, экстремизм қауптеріне, әрі олардың ішкі жақтағы сепаратизмге ұласып кетпеуіне көбірек назар аударды.

2001 жылдан кейін Орта Азия елдеріне инвестиция салуды көбейте түсті. Аймақпен болған сауда-экономикалық қарым-қатынастың өсуі, ірі державалардың аймаққа назар аудару бастауы да қытайлық зерттеушілердің Орта Азияға деген қызығушылығын арттырды. Оның үстіне 2003-2004 жылдарда Грузия мен Украинадағы «Түсті революциялар» мен 2005 жылғы Қырғызстандағы революция қытайлық зерттеушілер үшін желілес оқиғалар ретінде қарастырылды. Осыдан кейін аймақтағы елдерді жеке-жеке тереңдей зерттеуге тіпті де мән берілген еді.

Ал 2013 жылдан кейін «Бір белдеу, бір жол» жаһандық жобасы қытайлық зерттеушілердің аймаққа қызығушылығын қайта күшейтті. Осыдан бұрын (екінші кезеңнің соңына қарай) зерттеушілер назарын көбінде Қытай мен өзге ірі державалар қатынасы көбірек қызықтырып, аймақтану ғылымының назары да солай ауған еді. Бейжіңнің ғасырлық ірі жобасы зерттеушілерге қайта шабыт берді. Әрі осы кезеңдегі Қытайдың ортаазиятану саласы әлем елдерінің алдына шыққанын

көреміз. Ресейдің Кеңес Одағынан бері сақталған дәстүрлі базалық мүмкіндігін айтпаған күнде, аймақты терең тануда Қытайдың академиялық базасы Батыстан озып шықты.

Аталған кезеңдерден біз Қытайдың ортаазиятану ғылымының үрдісі мен Бейжің саясаты арасында терең байланысты көре аламыз. Тіпті, кей жағдайда олардың аймақтағы үрдістердің алдымен жүріп отырғанын да байқаймыз. Ғылыми зерттеу мен оның қорытындылары Бейжіңнің саяси һәм экономикалық іс-қимылдарына барынша тура бағдар бере алған. Ал Сианьдегі «Орта Азия – Қытай» саммитінен кейін, сондай-ақ, Қытайдың өзгере түскен сыртқы саясаттағы ұстанымдарына қарай Орта Азияны зерттеу ісі де тың деңгей мен жаңа кезеңге өтуі мүмкін.

ЗЕРТТЕУДІҢ
АУҚЫМЫ МЕН ЖЕТІСТІКТЕРІ

Қытайдың Орта Азия елдерін зерттеудегі академиялық базасы негізінен Бейжің, Шанхай, Үрімжі және Ланьчжоу қалаларына топтасқан. Бұдан тыс әр провинциядағы Қоғамдық ғылымдар академияларының бәрінде дерлік Орта Азияны жанамалай зерттейтін институттары, кемінде кафедралары жұмыс істейді.

Қытай Қоғамдық ғылымдар академиясының Ресей–Еуразия институты Орталық Азияны зерттеу кеңесі, бұл – Қытайдың Қазақстанды қамтыған аймақты қалт жібермей қадағалап отырған ең ірі ғылыми орталығы. Негізгі бағыты аймақтағы саяси және экономикалық жағдай, қауіпсіздік пен энергетика мәселелері, аймақтық ынтымақтастықтың дамуы, Шанхай ынтымақтастық ұйымының дамуы мен ұстанымдарына, Орталық Азиядағы ірі державалар арасындағы қарым-қатынастарды, соған қоса, ұлттық мәселелерді де қарастырады. Онда тұрақты ғылыми зерттеу тобы жасақталған әрі аса тәжірибелі ғылыми қызметкерлер аймақтағы елдерді жеке-жеке қадағалауына алған. Бұл кеңес жыл сайын «Орталық Азия елдерінің дамуы туралы есеп» немесе «Қазақстанның экономикалық дамуы туралы ғылыми-зерттеу есебі» деген секілді өз жұмыстарының

нәтижесінде жүйелі түрде есеп беріп отырады.

Осы және өзге де аталған-аталмаған зерттеу орталықтары аймақтың географиясы, демографиясы, экономикасы мен әлеуметтік жағдайы, су ресурстарынан тартып кен байлықтарына дейін, мәдениеті, этно-байланыстар, тарихи және жаңа қайшылықтар мен интеграцияларын, тіл, дін, салт-санасын, тіпті ру-тайпаларының таралуына дейін өздерінің зерттеу нысандары еткен. Қазақ, өзбек, қырғыз, тәжік, түркімен, пуштун және орыс тілдерін жетік білетін, аймақтың тарихы мен мәдениетінен мол білімді зерттеушілері де бар. Айталық, Ву Хунвэй, Бао Йи, Чжан Нин, Су Чанг, Чжао Хуйронг, Ян Джин және Сю Бин қатарлы беделді зерттеушілері аймақ халықтарының тілдерін меңгерген және құнды ғылыми еңбектерімен танылған.

Ұзақ жылдық жүйелі ғылыми жұмыстар жүргізілген бұл сала Қытай билігіне аймақ бойынша білікті кадрлар дайындауда да өз пайдасын тигізген. Орталық үкіметтегі Орта Азия ісі бойынша комиссиялар мен кеңестерде, комитеттерде, аймақтағы елшіліктерде аталған сала мамандары кадр ретінде таңдалып отырады.

Қытай Қоғамдық ғылымдар академиясының Ресей, Шығыс Еуропа және Орталық Азия институтының Орталық Азияны зерттеу кеңесінің директоры Сунь Жуанжи (Sun Zhuangzhi) өзінің бір сұхбатында ортаазиятану саласында ең негізгі 4 проблеманың бар екенін айтады.

Біріншісі – саладағы «мұрагерлердің» болмауы; Аймақты зерттеу үшін жаңа кадр дайындау көп жылдық жұмыс. Тілі мен мәдениетін, тарихын, салт-санасын терең меңгеріп шығуға жас мамандар үшін ұзақ уақыт керек. Оның үстіне жалаң жазба деректерге сүйену жеткіліксіз, осы елдердің өзінде тұрып, зерттеу жүргізу қажет. Мұның бәрі қаржы, уақыт және адам ресурстарын талап қылады. Екінші мәселе ретінде Сунь Жуанжи зерттеу нәтижелерінің тереңдемеуі, тұрақты назар салынбауы және белгілі бір сала немесе белгілі бір тақырып бойынша зерттеулер тізбегі болмауы секілді проблеманы көрсеткен. Тарата айтқанда, бір ғана тақырыпты өмір бойы зерттеп-зерделеген ғалымдар қатары аз. Үшіншіден, зерттеу институттары арасында ынтымақтастық пен үйлестіру істері әлсіз. Кейде, екі не одан да көп институттар бір тақырыпты қуалап кетсе, тиісінше өзге маңызды салалар зерттелмей қалып кетіп жатады. Төртіншіден, тікелей далалық және қоғаммен араласа отырып зерттеу тәжірибелері қытайлық зерттеушілерде аз. Әлеуметтік мәселелерге жауап іздеуде көбінде өзге шетелдік ақпараттарға сүйену басым екенін айрықша атайды. Бұл, әсіресе, «Түсті революциялардан» кейін күшейе түскен проблема ретінде көрсетеді. Біздің байқауымызша, қытайлық зерттеушілердің Орта Азияға қатысты ғылыми еңбектерінің өзі қытайлық насихаттың ықпалына ұшыраған. Ежелгі қытайлық орда деректердің өз тарапынан берілген бағаларын кейбір тарихи-мәдени контекстерде ғылыми дерек ретінде келтіріп жататынын көреміз.

Естай БОЖАН,
сарапшы.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Қазақ–Қытай қарым-қатынасына, Қытайдың еліміз бен аймақтағы іс-қимылдарына баға беру және тарихи қорытынды шығару, болашақ үрдіске алдын ала болжам жасау – елдегі қытайтану саласының міндеті. Егер, соңғы кездегі Қытайдың аймаққа болған мүдделік қатысуының күшейгенін, бұл жағындағы процестердің жүйелесін ескерсек, елдегі атамалық сала деңгейінің өсуіне, ең алдымен, мемлекет тарапынан көңіл аударылуы тиіс. Сондықтан қытайтану ғылымының деңгейі мен бағытына қатысты сала мамандарының пікірін сұраған едік.

Ғылыми ұсыныстар да, тиімді шешім де маңызды

Дүкен МӘСІМХАНҰЛЫ,
Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану
институтының директоры:

Елімізде осы сала бойынша өзім жетекшілік етіп отырған Р.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының жанында арнайы Қытайтану орталығы ашылған, жұмыс істеп отырған мамандарымыз да бар. Жыл сайын Қытайға қатысты ғылыми жобалардың конкурсына қатысып, Қазақстан – Қытай, Орта Азия – Қытай қатынасы бойынша, ықпалы мен пайдазаны секілді түрлі тақырыпта бағалау, зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеміз.

Бізден өзге ғылыми орталықтарды айтар болсақ, ҚазҰУ-да Шығыстану факультеті бар, онда т.ғ.д. Нәбижан Мұхаметханұлы басқарып отырған Қазіргі



заманғы Қытайды зерттеу орталығы деген орталық жұмыс істейді. Мамандарының потенциалымен көптеген жұмыстар атқаруға мүмкіндіктері мол. Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіндегі Шығыстану кафедрасында да Қытай бағытында зерттеу жүргізіп жатқан қытайтанушы мамандар бар. Назарбаев университетінде және Елбасы кітапханасы дейтін мекемеде қытайтану орталықтары жұмыс істейді. Стратегиялық зерттеулер институтында арнайы Қытайтану орталығы бар.

Қысқасы, салыстыра қарағанда, жаңа сападағы Қазақстан – Қытай, Орта Азия – Қытай қарым-қатынастарынан туындайтын кез келген мәселелерге алдын ала болжам жасап, түйінін тарқатып, ғылыми ұсыныстар арқылы тиімді шешім жасауға ықпал етуге Қазақстандағы қытайтану саласының потенциалы толық жетеді деуге болады.

Қытайтану тұжырымдамасын қабылдау керек

Елдес ОРДА,
Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих
және этнология институтының
ғылыми қызметкері:

Біздің елде қалыптасқан қытайтану саласы бойынша әркім әртүрлі пікір айтуы мүмкін. Негізінде тәуелсіздікке дейінгі қытайтану мен кейінгі қытайтану арасы жер мен көктей. Бұрынғы қытайтану кешенді түрде жұмыс істеді. Сөйтіп, білікті синологтар қалыптасты. Ал кейінгі қытайтану қаншалық кешенді жұмыс ретінде қаралғанын айту қиын.

Бүгінгі қытайтанудың алғы шартын бұрынғымен салыстыруға келмейді, өйткені қазіргі гео-әлеуметтік, гео-саяси үдерістер жылдам өзгеріп жатыр. Менің жеке пікірімше, бұл үдерістің мүддесінен толық шыға алатын қытайтану әлі қалыптаспады, соған байланысты біраз еңбектену керек. Біздегі геостратегиялық салалық зерттеулердің ұлттық контенті



көбінше орыс тілінде жасалынады немесе дайын орыс тіліндегі контентті ала салады. Ал қазақтілді аудиторияға қажетті контент мүддеден шыға алмай отыр. Бір жүйеге түспеген қазақша контенттер қытайтануға байланысты түрлі фейк ақпараттың жылдам тарап кетуіне себеп боп жатады. Негізінде қытайтануға байланысты мемлекет тарапынан кешенді жұмыстар қолға алыну керек және қазақтілді аудиторияның қажетінен шығатын қазақша контенттің концепциясы жасалуға тиіс.

Сонымен бірге, қытайтану мәселелері Қазақстанның стратегиялық гео-масштабынан шығып, жалпы түркі әлемінің гео-масштабына еніп барады. Сондықтан тақырыпты бауырлас түркі елдерінің ортақ мүддесі аясында қайтадан қарастыруымыз керек. Былайша айтқанда, түркілік танымдағы ортақ қытайтану тұжырымдамасын қабылдауымыз керек. Бұл бір жағынан түркі мемлекеттері арасындағы интеграцияны тездетеді, екінші жағынан қытайтануға байланысты зерттеулерді бірізділендіреді.



ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІҢ ЖАҢА ЖҮЙЕСІ

немесе AI инсульт алған кісінің мидағы ойын оқи алады

Жасанды интеллекттің жаңа жүйесі, семантикалық декодер ми қызметін үздіксіз мәтінге аудара алады. Жүйе инсульт сияқты жағдайларға байланысты сөйлей алмайтын адамдар үшін коммуникацияда төңкеріс жасауы бек мүмкін.

Бұл инвазивті емес тәсіл ешқандай хирургиялық импланттарды қажет етпестен ойларды мәтінге айналдыра отырып, fMRI сканерінің деректерін пайдаланады. Мінсіз болмаса да, бұл AI жүйесі адамның ойының мәнін сәтті түсіреді.

Негізгі фактілер:

1. **Семантикалық декодер AI Остиндегі Техас университетінің зерттеушілерімен жасалған.**

2. **Ол Open AI ChatGPT және Google Bard сынды жасанды интеллект тіл үлгісіне негізделген.**


3. **Жүйе функционалдық жақын инфрақызыл спектроскопия (fNIRS) сияқты портативті миды бейнелеу жүйелерімен пайдалану мүмкіндігіне ие.**

Семантикалық декодер деп аталатын жаңа жасанды интеллект жүйесі адамның миының қызметін – әңгімені тыңдау немесе әңгіме айтып жатқанда үнсіз елестету – үздіксіз мәтін ағынына аудара алады.

Остиндегі Техас университетінің зерттеушілері әзірлеген жүйе ақыл-ойы бар, бірақ физикалық жақтан сөйлей алмайтын адамдарға, мысалы, инсульттан әлсіреген адамдарға қайтадан түсінікті қарым-қатынас жасауға көмектесуі мүмкін.

Nature Neuroscience журналында жарияланған зерттеуді Джерри Танг, информатика докторанты және UT Остиндегі нейробиология және информатика кафедрасының ассистенті Алекс Хут басқарады.

Дамудағы басқа тілді декодтау жүйелерінен айырмашылығы бұл жүйе субъектілерден хирургиялық импланттарды қажет ет-



пейді. Қатысушыларға тек белгіленген тізімдегі сөздерді қолданудың қажеті жоқ.

Мидың белсенділігі адам сканерде бірнеше сағаттық подкасттарды тыңдайтын декодерді жан-жақты оқытқаннан кейін fMRI сканерінің көмегімен өлшенеді.

Кейінірек, егер қатысушы өз ойларын декодтау үшін ашық болса, олардың жаңа әңгімені тыңдауы немесе әңгіме айтып жатқанын елестетуі машинаға тек ми әрекетінен сәйкес мәтінді жасауға мүмкіндік береді.

Нәтиже сөзбе-сөз транскрипт емес. Керісінше, зерттеушілер оны айтылған немесе ойлаған нәрсенің мәнін, жетілмеген болса да, түсіну үшін әзірлеп отыр. Декодер қатысушының миының белсенділігін бақылауға үйретілген уақыттың жартысына жуығы, құрылғы түпнұсқа сөздердің болжамды мағыналарына жақын (кейде дәл) сәйкес келетін мәтінді шығарады.

Мысалы, эксперименттерде спикердің «Менде әлі жүргізуші куәлігі жоқ» деген сөзін тыңдаған қатысушының ойлары «Ол әлі көлік жүргізуді үйрене қойған жоқпын» деп аударылған. Сөзді тыңдап: «Айқайла-рымды, жыларымды немесе қашарымды білмедім. Оның орнына мен: «Мені қалдыр!» дедім», «Айқайлап жылай бастадым, содан

кейін ол жай ғана: «Мені жалғыз қалдыр дедім» деп шешкен».

Зерттеушілер технологияны ықтимал теріс пайдалану туралы сұрақтарға жауап берді. Бұл мақалада декодтау тек декодерді оқытуға ықпаласпен қатысқан кооператив қатысушыларымен қалай жұмыс істегені сипатталған.

Декодер оқытылмаған адамдар үшін нәтижелер түсініксіз болды, ал егер декодер үйретілген қатысушылар кейінірек қарсылық көрсетсе, мысалы, басқа ойларды ойлап кеткен кезде – нәтижелері жарамсыз болды.

«Біз аталмыш технологияны жаман мақсаттарда пайдалануы мүмкін деген алаңдаушылықты өте байсалды түрде қабылдаймыз және оны болдырмауға тырыстық», – деді Танг. «Біз адамдар осы технологияларды қалаған кезде ғана қолданатынына және бұл оларға көмектесетініне көз жеткізіміз келеді», – дейді зерттеуші.

Қатысушыларды тыңдау немесе әңгімелер туралы ойланудан басқа, зерттеушілер сканерде болған кезде төрт қысқа, дыбыссыз бейнені көруді сұрады. Семантикалық декодер бейнелердегі белгілі бір оқиғаларды дәл сипаттау үшін олардың ми белсенділігін пайдалана алды.

Қазіргі уақытта жүйе fMRI құрылғысын да зертханадан тыс пайдалану үшін уақытты қажет ететіндіктен практикалық құрылғы болуға әлі ерте. Бірақ зерттеушілер бұл жұмысты функционалдық жақын инфрақызыл спектроскопия (fNIRS) сияқты басқа портативті миды бейнелеу жүйелеріне көшіруі мүмкін деп санайды.

«fNIRS уақыттың әртүрлі нүктелерінде мидағы қан ағымының көп немесе аз болатынын өлшейді, бұл fMRI өлшейтін сигналдың дәл түрі болып табылады», – деді Хут. «Демек, біздің нақты көзқарасымыз fNIRS-ке аударылуы керек», дегенмен ол fNIRS рұқсаты төменірек болатынын атап өтті.

P.S. Естеріңізге сала кетейік, осыған дейін де жасанды интеллекттің мүмкіндіктері туралы газетте жазып келе жатырмыз. Бүгін оның денсаулық сақтау саласына әсері, кейінгі ғылыми жетістіктері туралы әңгімеледік. Әлемдегі соңғы зерттеу ChatGPT-тің денсаулыққа қатысты көптеген сұрақты шешу қабілетін бағалады және ол сұрақтардың 91%-ына дәлелді жауаптар беретінін анықтады. Дегенмен, жауаптардың тек 22%-ы нақты ресурстарға сілтемелерді қамтыды, бұл пайдаланушыларды тиісті көмекпен байланыстыруды жақсартуға мүмкіндік береді.

Осыған орай айта кететін тағы бір жайт, жасанды интеллекттен қорқудың, үрқудің қажеті жоқ. Оны ғылымға, адамзатқа пайдалы салаға қызмет еттірудің жолдары көп.



Мейіржан
ӘУЕЛХАНҰЛЫ,
журналист,
IT маманы.

ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК

Күннің көзі нұрын төгіп, айналаң жасыл кілемге оранған шақта ағаштың саясында демалып, саябақ аралап, серуен құрғанға не жетсін, шіркін?!



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Атын атап, түсін түстемесек те, қазіргі уақытта Алматының саябақтары қала тұрғындарының сүйікті демалыс орнына айналды деуге болады. Өйткені, қаланың қай жағына барсаңыз да дәл осы көріністі көресіз.

Жасыл желек жамылған саялы бақта адам қарасы кешке қарай көбейе түседі. Бұл мекен, әсіресе, тыныштықты жаны сүйетін, бір мезгіл бой сергітіп, таза ауамен тыныстағысы келетіндер үшін таптырмас орын. Се-

САЯБАҚТАРҒА СӘН КІРДІ

бебі, мұндағы құстардың сайраған үні мен субұрқақтан ескен салқын леп жаныңды сергітеді. Саябақ ішіндегі орындықтарға жайғасқан жастар да, әңгіме-дүкен құрып отырған қариялар да жап-жасыл бақтың жайлылығын білдіреді. Ал кішкентай балғындардың ойыншық көліктерімен ызғытып жүргені, олардың алаңсыз күлкісі саябақ сәнін еселей түскен...

Алматыда барлығы 211 саябақ аумағы бар. Ауданы 631,2 га құрайтын жасыл аймақтың ішінде 12-сі саябақ, 124-і сквер, 21-і бульвар, 10 жағалау, 13 жасыл аймақ, 31-і жаяу жүргінші аймағына жатады.

Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасы мамандарының айтуынша, бой көтерген саябақтар аудандардың баланына беріледі, яғни жауапкершілік саябақ орналасқан аудан әкімдіктерінің құзырында болады. Халықтың жайлы демалысын қамта-



масыз ету мақсатында өткен жылы қалада орналасқан жалпы аумағы 87,9 га құрайтын 10 саябаққа құрылыс-жөндеу жұмыстарын жүргізді. Солардың қатарында сәулеті мен тарихи келбетін сақтай отырып, Мемлекеттік Мұражай мен Оқушылар сарайының жанындағы тынымбақтар, Әлия – Мәншүк, Аэропорт данкы, Қазақ-Британ университеті тынымбақтары, Байсейітова көшесінде орналасқан тынымбақтар қайта жаңғыртудан өтті. Нәтижесінде серуен құратын аймақтары, балалар ойыны мен спорт алаңдары бар, жасыл аумақтар ел игілігіне ұсынылды.

Бұл үрдіс биыл да жалғасын тауып, Алау, Наурызбай, Түркісіб, Медеу мен Бостандық аудандарын қамтитын жасыл аймақтар қатары көбейе түспек.

Саябақтарды аралап жүріп, тұрғындармен де тілдестік.

– Жаздың аптап ыстығында жанға сая. Жерге шанышылған ағаштар етек жайып жайқалып тұрған соң тынысың ашылады. Бізді таныстырған да, табыстырған да осы саябақ. Жолдасымыз екеуіміз осында танысқанбыз. Сондықтан болар, отбасымызбен осы саябақта көп серуендейміз. Жастығымызға куә болған бұл мекеннің бүгінгі көркі көз тойлық. Барлық жағдай жасалған. Алматы осындай жасыл желегімен де ерекше гой, – дейді балаларымен серуендеп жүрген Сымбат есімді келіншек.

Иә, қалай десек те, саябақтар қаланың сәні екені рас. Сондықтан сіз бен бізге жайлылық сыйлайтын осындай демалыс орындарын күтіп ұстау, ол жердің тазалығын сақтау тек жауапты мекемелерге ғана емес, сонымен қатар тұрғындарға да жүктелген жауапты іс екенін ұмытпасақ болғаны.



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.



ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

САПАСЫЗ ТАҒАМ

Ағзаға қауіпті тамақ өнімдеріне тосқауыл керек

Пердехан
ШАМШИЕВ

Бұл сұрақтар денінің саулығын ойлайтын саналы азаматтың көкейінде жүруі тиіс. Халқымыздың «Ауру – астан», «Ішің ауырса, аузыңды тый», «Ас – адамның арқауы» сияқты өмірлік тәжірибеден алған даналығы бүгінгі күннің ауыр зардабын, одан шығу жолдарын бізге айтып тұрғандай. XX ғасырда батыс қоғамтанушы ғалымдары айтқан «Тұтынушылық қоғамы» деген феномен біздегі өткен ғасырдың 90-жылдары пайда болған «Жабайы капитализм» элементтерімен бірігіп халқымыздың асқа келгенде көрсексыздық сезімін оятты.

«Адамның асқазаны миға қарағанда ақылдырақ, себебі ол өзіне керексізін құсып тастайды, ми болса көрінген нәрсені өзіне сіңіріп алады», – депті белгілі жазушы Шыңғыс Айтматов. Жазушының ойын жалғастыра келе «XXI ғасыр: ас – адамның арқауы болудан қалды» деген қорытындыға келуге болады. Себебі, біз не ішіп, не жеп жатқанымызды білмейміз.

Тұтынушылық қоғамның арбауына түскен жеке кәсіпкерлер қаржылай пайда көру жолына түсті де, тұтынушылар, яғни біз жеп отырған тамағымыздың сапасына емес, бағасына аса мән беруді әдетке айналдырдық. Ал негізі деніміздің саулығына тамақ өнімдерінің сапасы тікелей әсер етеді.

Ет жемейтін қазақ жоқ. Ал бірақ біз Алтын Орда мен Көк базардан ет алатын уақытта сол сиыр, не жылқы, әлде қой етінің осы павильонға қалай келгенін ойламаймыз. Ол төрт түлік қандай жем-шөппен, сумен қоректенді, оның ет павильонына келгенге дейін және онда сақталуы, сөреде тұруында санитарлық нормалар сақталу не сақталмауына мән бермей келеміз. Сондай-ақ, үйге әкелгенде етті қалай сақтау қажет, оның ағзамызға пайда беретіндей сақтау мәселелері де назарымыздан тыс қалып отыр. Міне, осы және өзге де сұрақтарға «тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі» саласы жауап береді.

Бұл жерде тамақ өнімі, оның қауіпсіздігі және оның азық-түлік қауіпсіздігімен қандай байланысы бар деген орынды сұрақ туындайды.

«Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының заңы 2007 жылдың 21 шілдесінде қабылданған. Заңға сәйкес тамақ өнімдеріне шикізат, тамақ өнімдері, арнайы мақсаттағы тамақ өнімі, ауызсу, адам тұтынатын тамақ қоспалары және тамаққа биологиялық активті қоспалар, адам үшін тамақ көздері болып табылатын жануарлар пайдаланатын азық және азық қоспалары жатады.

Ал қолданыстағы біздің заңнама тамақ өнімдерінің қауіпсіздігіне: «қауіпті фактордың іске асу ықтималдылығы мен оның салдарының ауырлық деңгейінің ұштасуы ескеріле отырып, адам өмірі мен денсаулығына зиян келуімен және тұтынушылардың заңды мүдделерінің бұзылуымен байланысты тамақ өнімдерін әзірлеудің (жасаудың), өндірудің (дайындаудың), айналымының, кәдеге жаратудың және жоюдың барлық процестерінде (сатыларында) жол берілмейтін қатердің болмауы», – деп анықтама береді.

Сондай-ақ, мұнда тамақ өнімдерінің және азық-түлік қауіпсіздігінің аражігін ажыратып алу қажет. Азық-түлік қауіпсіздігі дүкен сөрелерінде және базарларымызда азық-түлік тапшылығын болдырмауды қамтамасыз етсе, тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі сол азық-түліктің сапасына мән беріп, адам ағзасына зиянын анықтап оны жоюды көздейді.

«Ауру – астан...»

Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша күніне 1,6 млн адам ағзаға қауіпті тамақ өнімдерін тұтынудан ауырады, күніне 5 жасқа дейінгі 340 бала тамақ өнімдерінен туындайтын аурулардан қайтыс болады. Сондай-

Үйіңіздің жанындағы дүкендегі, базардағы, тіпті онлайн тапсырыспен келетін өнімдердің ағзаңызға қаншалықты пайдалы не зиян екенін ойлап көрдіңіз бе? Өнімді алған кезде оның қайда, қалай шыққанына және сізге қандай жолмен келгендігіне, құрамы қандай екендігіне мән бересіз бе? Балаңыз мектеп асханасында, оның жанындағы дүкендер мен дүңгіршектерде қандай тағам тұтынады?



ақ, адамдар диарея және өзге де онкологиялық 200-ге жуық ауру түріне қауіпті тағамдарды тұтынғаннан шалдығады.

Ағзаға қауіпті тамақ өнімдерін тұтыну тамақтан улануға да алып келеді. Мысалы БҰҰ-ның 2019 жылғы мәліметі бойынша жылына 100 мыңнан астам адам тамақтан уланып, салдарынан жылына 95 млрд АҚШ долларына шығын келеді.

Қауіпті тамақ өнімдерін тұтынудың адам өміріне зиян екенін түсініп 2018 жылы БҰҰ 7 маусымды «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі күні» ретінде жариялады. Бұл күнді белгілеудің маңызды екенін өмірдің өзі дәлелдеді. 2019 жылдың аяғында Қытайдың Ухань қаласында пайда болған коронавирус ауруы бүкіл адамзатты тығырыққа тіреді. Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымы коронавирус теңіз өнімдерін дұрыс тұтынбағаннан пайда болды деген тоқтамға келді.

Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымының 2021 жылғы мәліметі бойынша әлемде 6–8 млн адам індеттен қайтыс болған. Бұл сан 2022 жылы 15 млн-ға өскен. Індет әсерінен әлемде адам капиталына толассыз зиян келді. Адам шығынынан бөлек, ауруға шалдыққандардың денінің саулығына кері әсер етті.

Заң бар, тәртіп жоқ

ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің мәліметі бойынша өткен жылдың алғашқы 7 айында елде ішек инфекциясынан жаппай уланудың 25 жағдайы тіркелген. Барлығы 461 адам зардап шеккен, оның 101-і балалар. Тамақтан улану жағдайының 22-сі қоғамдық тамақтану орындарында тіркелген.

Комитет мамандарының айтуынша, тамақтан улану мен ішек инфекцияларының негізгі себептеріне жеке бас

гигиенасы ережелерін сақтамау, тамақ дайындау технологиясын, температура режимін бұзу, оларды тасымалдау мен сақтау шарттары жатады.

Осы тақырыпқа орай 8 маусымда Еуразия ғылыми-зерттеу институты қабырғасында ғылыми-танымдық іс-шара ұйымдастырылды. «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі әркімнің ісі» тақырыбындағы ғылыми-танымдық дәрісті сала маманы, PhD доктор Лаура АУТЕЛІЕВА өткізді.



Лаура Төлегеновнаның айтуынша елімізде тамақ өнімдерінің қауіпсіздігіне қатысты қордаланған мәселелер көп. Әсіресе, сарапшы осы саланы бақылауға тиіс мемлекеттік органдардың қызметтерінің бірін-бірі қайталауы, тамақ өнімдерінің экспертизасы жөнге қойылмағандығы және тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі ортақ жұмыстық жоқтығы, халықтың ақпараттану деңгейінің төмендігі сияқты мәселелерді атап өтті.

Сондықтан сала маманы тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін бір орталықтан реттейтін және тікелей Президентке бағынатын агенттік құрып оған ҚР Ауыл шаруашылық министрлігінің ветеринарлық-санитарлық қызметі мен ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің санитария-эпидемиологиялық бақылау қызметтерін беруді ұсынады. Маманның пікірі бойынша ҚР Ауыл шаруашылық министрлігінің карантиндік-фитосанитарлық инспекциясының қызметін агенттік ішінде ветеринарлық-санитарлық қызметке беру және агенттік атқаратын жұмысқа академиялық ортадан тартуды ұсынылды.

Сала маманы төрт түлік малдың микробқа қарсы дәрілері ешқандай рецепсіз берілетінін және де ветеринарлық, гормоналдық дәрілер бақылаусыз қолданылатынын айрықша атап өтті.

Сонымен қатар, маман онлайн тапсырыс беру мен жеткізу саласын мемлекеттік реттеу қажет екенін айтады. Расымен қазір экономиканың жаңа саласы қарқынды дамуда. Платформалы экономика және E-commerce салалары қарқынды өсіп келеді. Пандемия да бұл салалардың дамуына оң әсер етті. Қазір Wolt, Glovo, «Рядом», Arбуz, Magnum Go, Instashop, «Дастархан 24» и ForteFood сияқты онлайн платформалардан тапсырыспен азық-түлік, тамақ өнімдерін алмаған адам кемде-кем. Бірақ ондағы тамақ өнімдері мен азық-түліктің сақталуы, дүкен немесе қоймалардан сіздің үйге дейін алып келгенде санитарлық нормалардың сақталуы сияқты өзекті мәселелер қазір бақылаусыз.

Бұдан бөлек, біздің қоғамда энергетикалық сусындардан да деніміздің саулығына қауіп төніп тұр. Қазір энергетикалық сусындар ішу сәнге айналып барады. NielsenIQ компаниясының сарапшыларының зерттеуі бойынша Қазақстанда пандемия кезінде (2020 ж. наурыз – 2021 ж. ақпан аралығы) энергетикалық сусындардан түсетін табыс 42%-ға өскен.

Осы аралықта энергетикалық сусындар бес алкогольсіз сусындар ішінде төртінші орыннан екіншіге көтерілген. Сарапшылар мұның себебін энергетикалық сусындардың жастар арасында танымал болуымен түсіндіреді. Ал энергетикалық сусындардың ішінде Gorilla алдыңғы орында. Оның нарықтағы үлесі 2%-ға, ал сатылым 64%-ға өскен.

Энергетикалық сусын адамға қысқа уақытқа күш береді. Бірақ оның ағзаға зияны көп. Сусынды шектен тыс ішсе оның құрамындағы кофеин жүрекке қауіпті. Ал кофеин мен су құрамындағы кант пен көміртегі диоксиді адамның асқазаны мен бауырына зиян. Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы қарапайым адамға түсінікті ақпараттың жоқтығы да өз алдына бөлек әңгіме. Осы орайда, қазіргі заманғы технологияларды қолданып халыққа түсінікті тілде ақпараттық материалдар жасалынса деген ниет бар.

ӨМІРДІҢ ӨЗІ

БҮГІНГІ КҮННІҢ БАТЫРЛАРЫ

Өрт сөндірушілер төтенше жағдай кезінде өзінен бұрын өзгенің өмірін құтқаруға ұмтылады

Әлемдегі ең қауіпті мамандықтардың бірі – өрт сөндіруші қызметі. Жүректілік пен батылдықты талап ететін мамандықтың иесі болудың өзі – нағыз ерлік. Күні кеше өлім мен өмірдің арасында арпалысып жүрген 14 азаматымыздан айырылып қалдық. Бұл еліміз үшін орны толмас қайғы. Абай облысындағы орман алқабында шыққан тілсіз жау бізге тағы да апаттың айтып келмейтінін, кез келген оқиғадан сабақ алуымыз керектігін еске салды.

Халқымызға басымызды иеміз...

Табиғаттың тосын мінезінен, апаттардан адам шығынын болдырмау үшін не нәрсенің алдын алу қажет-ақ. Әсіресе, аптап ыстық күндері өрт оқиғалары жиілей түседі. Сондықтан жергілікті атқарушы органдардың қаражаты есебінен шалғай елдімекендерде өрт сөндіру бекеттерін құру, өрт сөндіруші мамандарын дайындау, өрт қызметін техникалық тұрғыдан жаңарту кезек күттірмейтін мәселе. Оқиыстан өрт тұтана қалған жағдайда кез келген адам сол жерді тастай қашуға даяр тұрады, үрейге бой алдырады. Ал төтенше жағдайлардағы өрт сөндіру мамандары сондай сәтте керісінше, жалынның ортасына жүгіре жөнеледі. Бұл – олардың қызметі ғана емес, міндеті.

Өрт сөндірушілер төтенше жағдай кезінде өзінен бұрын өзгенің өмірін құтқаруға ұмтылады. Өртті сөндіріп қана қоймай, адам өмірінің арашашысы болуды өздерінің парызы санайды. Сондықтан өрт сөндіруші нағыз ерлердің мамандығы саналады. Әлеуметтік желіде Елдос Нұртазаев есімді өрт сөндірушінің қол жайып, Алладан жаңбыр сұраған суреті көпшілікті елжіретті.

«Алладан жаңбырдың жауғанын сұрап, дұғдамыз. Алла тұрғанда біз жай ғана пендеміз. Неге өрт сөндірушілердің жұмысын осындай кезде ғана байқаймыз. Олар күнде өмірін қауіп-қатерге тігіп, өз міндеттерін атқарып жатыр. Басымды көтеріп, жылап тұрып айтып берем. Халқымызға басымызды иеміз, солар аман болсын деген ниет бізде. Қолдап, демеп жатқандарыңызға Алла разы болсын!», – деп жазды бейбіт күннің батыры.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

ОРЫНДАЛҒАН АРМАН

...Шарасыз ана өмір мен өлімнің арасында жатқан баласына тесіліп қарап отыр. Ауыр дерттің уысынан тырмысып шыға алмай, әбден әлсіреп қалған перзентін аурудан арашалап алуға амалы қалмаған келіншек жүрегі қанша қан жыласа да, іштей шешім қабылдады.

Кез келген ата-ана баласының болашақта жақсы азамат болып өскенін, білікті маман болғанын қалайды емес пе? Бірақ ақ қан ауруына шалдыққан баланың өмірі үзілудің аз-ақ алдында тұр. Құр сұлдері қалған балақайдың қолынан ұстап отырған анасы ұлынан:

– Менің ботақаным өскенде кім болғысы келеді, – деп сұрады.

– Анашым, мен өрт сөндіруші болуды армандаймын. Келіншек баласына қарап, мейіріммен жымиды да:

– Онда сенің арманыңды орындайық, – деді.

Сол күні ол өзі тұратын қаладағы өрт сөндіру бөліміне барып, онда жүзі жылы өрт сөндіруші жігітпен танысады. Баласының соңғы арманын орындау үшін әлгі өрт сөндірушіден

әйел ауырып жатқан баланы өрт сөндірушілер көлігінде бір айналдырып жүріп өтуді өтінді. Сонда өрт сөндіруші:

– Онда былай істейік, баланызды сәрсенбі күні таңғы 7.00-де біздің бөлімге алып келіңіз. Ол күні бойы бізбен бірге құрметті өрт сөндіруші болып жұмыс істесін. Бізбен бірге түскі ас ішеді, біздің бөліммен танысады, тіпті шақырту түскен нүктелерге де бізбен еріп жүрсін. Бірнеше күнде біз оған арнайы өрт сөндірушінің формасын да әзірлеп қоямыз, – деді.

Үш күннен кейін науқас бала кеудесінде арнайы эмблемасы бар өрт сөндірушінің формасын, резеңке етігін киіп, нағыз өрт сөндіруші қызметіне кірісті. Баланың қуанышында шек жоқ. Ол күні бойы үш мәрте өрт шыққан нүктелерге барды, түрлі көліктерге отырып көрді, тіпті жедел жәрдем көлігіне де мініп, өзін нағыз құтқарушы, өрт сөндіруші ретінде сезінді. Өзінің арманына жеткен баланың қуанғаны, бақытқа бөленгені соншалық, дәрігерлер санаулы күні ғана қалды деген балақай тағы үш ай өмір сүрді. Өмірі үзілер шақта балаға өрт сөндірушілер келіп, оның қандай ержүрек екенін айтып, құшақтап, құрметпен соңғы сапарына шығарып салды.

Аударған Айнұр НҰРСАБЕТ.

АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ

Жаз – балалардың ғана емес, үлкендердің де асыға күтетін демалыс маусымы. Қалада да басқа мезгілдерге қарағанда жайбарақат тыныс-тіршілік анық байқалады. Балалар жазғы демалысқа, ата-аналар кезекті еңбек демалысына шыға салысымен, ыңғайға қарай жақсылап тынығатын жер іздей бастайды.



Гүлжанат СЕМБАЕВА

Қалада демалыс орындары көп болған сайын соғұрлым заңсыздық та жиі кездеседі. Соңғы кездері демалыс орындарына ішіп-жемін алып кіргізеу мәселесі жиі айтылып жүр. Кәсіпкерлер демалыс орындарына сырттан сусын, тамақ алып кіргізбейді. Негізгі заңды түрде сатып алынған кез келген тамақ пен сусын тұтынушының жеке меншігі болып есептеледі. Оны ешкім шектей алмайды. Бұл туралы ҚР Конституциясының 26-бабы 1 және 3-бөліктерінде анық жазылған. «Тұтынушылардың құқығын қорғау туралы» Заңында жазылғандай, демалыс аймағында тұтынушыға «тамақ сатып ал» деп мәжбүрлеуге тыйым салынған. Қоғамдық кеңістікке кіру үшін ақы төлесе, өзінің жеке заттарымен еркін кіруге құқылы. Заңды түрде қақысы барын алға тартсаң, кәсіпорын қызметкерлері тазалық сақтау талаптарын алға тартады.

Заңгердің айтуынша да, кез келген адам өзінің тауарымен кез келген жерге кіре алады. Себебі, Қазақстан Республикасы Конституциясының 26-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтары меншігінде заңды түрде алған кез келген жеке меншік мүлік бола алады. Бұл толық пайдалану, иелену және билік ету құқығын білдіреді. Яғни заңмен тыйым салынбаған немесе шектелмеген кез келген затты өзіңізбен бірге алып жүруге құқығыңыз бар. Оны соттың шешімінсіз ешкім ала алмайды.



МАМАН КЕҢЕСІ

Мейірман ҚАЛМАХАНҰЛЫ, заңгер:

Заңсыз талап қойған мекеме басшылығы жауапқа тартылады

Егер тұтынушыны жеке мүлкімен демалыс орнына кіргізбейтін болса, тұтынушы ішке кіргеннен кейін кәсіпкердің тауарын мәжбүрлі түрде сатып алуға тура келеді. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 8-бабының 4-тармағына сәйкес азаматтар мен заңды тұлғалар өздеріне берілген құқықты жүзеге асырған кезде адал, парасатты және әділ әрекет жасап, заңдардағы талаптарды, қоғамның адамгершілік қағидаттарын, ал кәсіпкерлер іскерлік әдептілік ережелерін сақтауға тиіс. Бұл міндетті шарт арқылы алып тастауға немесе шектеуге болмайды. Мекеме әкімшілігі жоғарыда келтірілген уәждердің барлығын елемейтін болса, оларға «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 163-бабының 2-тармағын көрсетіңіз, онда жосықсыз бәсекелестік шағын кәсіпкерлік субъектілеріне 200 АЕК (481 000 теңге) мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады деп нақты жазылған. Орта кәсіпкерлік субъектілері үшін – 300 АЕК (721 500 теңге), ірі кәсіпкерлік субъектілері үшін – 1500 АЕК (3 607 500 теңге) мөлшерінде қарастырылған. Әкімшілік әлі де өз ұстанымынан қайтпаса, тұтынушы ҚР ӘҚБтК-нің 713-бабына сәйкес құқық бұзушылықты түзеп, монополияға қарсы органға жүгіне алады. Сонда ғана заңсыз талап қойған мекеме басшылығы жауапқа тартылады. Тұтынушы құқығы тапталмайды.

ТҰТЫНУШЫ ҚҰҚЫҒЫ

Демалыс орындарына ас-су алып кіруге шектеу жоқ

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Тұрсын БАТКЕНҚЫЗЫ, Республикалық Тұтынушылар құқығын қорғау ұйымы төрағасының орынбасары:

Кәсіп иелері заң бұзып жүр

Тұтынушының жеке затын алып кіруге ешкім шектеу қоя алмайды. Ол тұтынушының құқығын таптау болып саналады. «Тұтынушылар құқығын қорғау туралы» Заңы мен Азаматтық кодексте кәсіпкердің тұтынушы құқығын шектеуге қақысы жоқ екені анық көрсетілген. Заң алдында сырттан тамақ пен сусын алып кірген тұтынушы мен сол жерден тамақ сатып алған тұтынушының құқығы бірдей.

«Тұтынушылардың құқығын қорғау туралы» Заңның арнайы бөлімінде нақты жазылған. Егер тұтынушыға жеке затын алып кіруге рұқсат берілмесе, тұтынушы 190, 193-баптарды алға тартып, дәл сол жерге полиция шақыра алады. Кәсіп иесіне айыппұл салдыруға толық құқығы бар. Әр тұтынушының сатып алған тамағы жеке меншік мүлкі болып саналады. Ал Конституциядан бастап, бүкіл заңнама әр тұтынушының құқығын қорғай алады. Бірақ өкінішке қарай, біздің тұтынушылардың көбі момын келеді. Кәсіп иелері қойған заңсыз шартқа бағынып, сырттан алып кірген тамағын кіреберіс есікке қалдырып кете береді.

Менің ойымша, кәсіпкерлердің көбі мұндай әрекетке өздерінің немесе серіктестерінің саудасы жүру үшін барады. Заңсыздықтар бола қалған жағдайда тұтынушылар дер кезінде шара қолдануға тиіс. Полиция департаменті немесе мемлекеттік органдар арқылы айыппұл салынады. Айыппұл мөлшері кәсіпке байланысты әртүрлі болады. Шағын кәсіп пен орта кәсіпке байланысты 6 АЕК, 10 АЕК деп айыппұл көбейе береді.

Спорттық шаралар болған жерде де ішке тамақ пен сусын алып кіруге тыйым салатынын жиі көріп жүрмін. Ол да заңға қайшы. Қазір тұтынушылар құқығын қорғайтын заңнамаларда тұтынушы қамы үшін оң өзгерістер енгізілуде. Сондықтан әр тұрғын өзінің тұтынушы ретінде құқығын орынды қолданса деймін.



БІРЕГЕЙ ОТА

ДӘЛДІК пен ШЕБЕРЛІК

Алматылық онкологтар адамның бетіндегі үлкен ісікті сылып тастады

Алматы онкологиялық орталығына бетінде үлкен ісік бар 60 жастағы науқас түсті. Пациент дереу барлық диагностикалық зерттеуден, соның ішінде гистологиядан өтті. Нәтижесінде «сол жақ бет терісінің қатерлі ісігі, 4-ші кезең, ыдырау, ауырсыну синдромы» деген диагноз қойылды.



Ісік өте үлкен, бүкіл сол бетті алып, жоғарғы ерінге, мұрынға деформациямен өскен. Науқас мұрнымен де дем ала алмайды. Оның әнгімесіне қарағанда, бұл жағдай оны 2018 жылдан бері мазалап келген, бірақ кейінгі айларда қан кетіп, ісік жедел өсе бастаған. Бұған дейін қорыққаннан дәрігерлерге мүлдем қаралмаған. Кесел жанына қатты батқасын ғана онкология орталығына келген.

Орталықтың онкологтары бірегей операция жасады – «беттің сол жақ жартысының тері ісігін, мұрынның жоғарғы ерінінің резекциясымен операциядан кейінгі ақауды біріктірілген клапанмен резекциялау арқылы бұлшықет-тері асты, жақ және маңдай аймағын қолдану».

Бұл операцияның бірегейлігі сол, зергердей асқан шеберлік пен нәзік жұмысты қажет етеді.

«Отадан кейін бетте айтарлықтай тыртықтар қалмас үшін біз үш жерден тері алуды шештік. Бет терісін қалпына келтіру үшін бет артериясы мен венаның қан тамырларының түбінде иек аймақтарының астынан тірек-қимыл аппараты кесілді, жоғарғы ерінді қалпына келтіру үшін сол жақтағы жақ аймағының фасцио-тері жамылғысы кесілді, мұрын, маңдайдан фасцио-тері жабыны кесілген. Осылайша беттің сол бөлігін қалпына келтірдік», – дейді онкохирург Саттар Аппазов. Бес сағатқа созылған ота сәтті өтіп, науқас 10-шы күні үйіне шығарылды.

Осы орайда онкологтар аурудың әбден мазалағанын күтпей, уақытында скринингтен өту керек екенін еске салады. Есіңізде болсын, кезеңде анықталған ауру жақсы емделеді, ал кейбір жағдайларда оны тіпті толық емдеп жазуға болады.

МАМАН ПІКІРІ

Онкология дерті әлемді алаңдатып отырған мәселе. Оның ішінде бас және мойын ісігіне шалдыққан адамдар да көбейіп барады. Алматы онкологиялық орталығының дәрігері Самал Тойынбекованың айтуынша, қала бойынша биылғы 5 айда онкологиялық аурулардың 6,0 пайызын осы ісіктер құрап отыр.

ДАУЫСТЫҢ ҚАРЛЫҒУЫ, БЕТТІҢ ҰЮЫ

бұл да дерттің белгілері болуы мүмкін

«Тамақ ауруы, дауыстың қарлығы, беттің ұюы – осы қарапайым да жиі кездесетін белгілер бірнеше апта бойы сақталса, бас пен мойынның қатерлі ісігінің белгісі болуы мүмкін», – дейді Самал Тойынбекова.

Бас және мойын ісіктерінің ең көп таралған түрлерінің бірі – тері ісігі. Бұл ауру дененің кез келген бөлігінде болуы мүмкін, бірақ көбінесе бас терісінде, бетте және мойында болады. Тәуекел факторларына ультракүлгін сәулелердің ұзақ әсер етуі, генетикалық бейімділік және басқалар жатады.

Бас және мойын ісіктерінің тағы бір түрі – көмей ісігі. Бұл ауру дауыс желбезегі, көмейде немесе тыныс алу жүйесінің басқа органдарында пайда болуы мүмкін. Тәуекел факторларына темекі шегу, алкогольді тұтыну, инфекциялар және басқалар жатады.

Ми ісігі ми мен жұлынның түрлі аймағында пайда болады. Бұл ісіктер қатерлі немесе қатерсіз де болуы және оның әртүрлі белгісі болуы мүмкін. Атап айтсақ, бас ауруы, жүрек айнуы, құсу, көру қабілетінің өзгеруі және т.б.

Бас және мойын ісіктерінің басқа түр-

леріне сілекей бездерінің, қалқанша безінің, мұрын және мұрын қуысының, көз ісіктері және т.б. жатады. Бұл кеселдерді ерте сатысында анықталар болса, емге көнеді.

Мұндай дертке шылдықпас үшін, ең алдымен, темекіден және алкогольден аулақ болған абзал. Егер адам ұзақ уақыт (40 жылдан астам) және көп темекі шегетін (күніне 25-тен) болса, онда көмей, жұтқыншақ, ауыз қуысы және т.б. ісіктің пайда болу ықтималдығы темекі шекпейтін адамға қарағанда 40 есе жоғары болады. Вирустық инфекциялар – адам папилломавирусы, герпес, созылмалы қабыну аурулары, мәселен, ларингит, трахеит, фарингит те осы кеселге әкеп соқтыруы ықтимал.

«Аурудың жақын туыстарда (ата-анада, бауырларында немесе балаларында) болуы бас және мойын ісіктерінің даму қаупін екі есе арттырады. Қалқанша безінің қатерлі ісігінде, әсіресе, тұқым қуалайтын бейімділік байқалады», – дейді маман. Мұндай кеселдердің алдын алу үшін онколог-дәрігерге үнемі тексеріліп тұру керек.

МӘМС

АУРУДЫ АСҚЫНДЫРЫП АЛМАЙЫҚ

Қалқаман ауруханасының дәрігерлері созылмалы және жігі геморройды шағын инвазивті заманауи әдіспен емдейді. 47 жастағы пациенттің осындай сырқатқа шалдыққанына он жылға жуықтаған.

Босанған кезде пайда болған аурудың асқынғаны соншалық, соңғы кезде үлкен дәретке отыру үлкен проблемаға айналыпты.

№7 аурухананың колопроктология бөлімшесі мамандары оған 3-ші дәрежелі көтеу деген диагноз қойды. Сөйтіп, пациентке эпидуралды жансыздандыру арқылы тік ішекке Лонго операциясы жасалды. Заманауи аппараттың көмегімен жасалған ота сәтті өтті. Пациент үшінші күні ауруханадан шықты. Себебі, шағын инвазивті ота орны дәстүрлі операцияларға қарағанда тез жазылады, ауырсыну

сезімі де әлдеқайда төмен болады. Пациенттер екінші күні аяққа тұрып, дәретке отырғанда қиналмайды. Жалпы, мұндай отадан кейін науқас денсаулығы 7-8 күнде қалыпқа келеді дейді мамандар.

– Лонго операциясы көтеудің III-IV-ші стадиясында қолданылады. Ол тік ішектің анатомиялық құрылымын қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Бұл әдісті қолданғанда зақымданған ішектер кесіп алынбай, керісінше жоғары қарай тартылады. Ішектегі шырышты қабықтың геморрой түйіндерінен жоғары



орналасқан бөлігін кесіп алып тастағаннан кейін түйіндер өздігінен түсіп қалады, – №7 аурухананың колопроктология бөлімшесі меңгерушісі Марат Каленбаев.

Бір айта кетерлігі, ота міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру пакеті шеңберінде жасалды.

ЕҢБЕК АДАМЫ

Алматы онкологиялық орталығына бетінде үлкен ісік бар 60 жастағы науқас түсті. Пациент дереу барлық диагностикалық зерттеуден, соның ішінде гистологиядан өтті. Нәтижесінде «сол жақ бет терісінің қатерлі ісігі, 4-ші кезең, ыдырау, ауырсыну синдромы» деген диагноз қойылды.

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ МЕДБИКЕ

Хирургиялық топты байланыстырады



де аз емес. Оперблоктың маманы болу әркімнің қолынан келе бермейді. Бұл қиын жұмыс, бірақ ол жүректің қалауымен таңдалатын мамандық. Бұл қызметке келетіндер көп, бірақ бәрі бірдей психоэмоционалдық және физикалық жағынан шыда бермейді. Біздің жұмысымыз тепе-теңдікті, салқынқандылықты, яғни эмоцияны тежей білуді, сондай-ақ жоспарлы операциялардан шұғыл операцияларға ауысу қабілетін, жылдамдықты, сергектікті талап етеді. Ал перзентханада жұмыс істейтін медбикеге екі адамның, яғни ана мен баланың жауапкершілігі артылады», – дейді Арзул Хайруллаева.

Иә, оперблокта жұмыс істеу – бұл сәтсіздікке, қателікке жол бермейтін үйлесімді команданың ынтымақтастығы. Операция жасайтын мейірбике күніне 3 хирургиялық отаға қатысады. Ол операция өтетін бөлмені өңдеп, науқасты операцияға дайындайды. Сондай-ақ, қажетті медициналық құралдарды, материалдар мен жабдыктарды дайындау да мейірбикенің міндетіне кіреді. Ол науқастың операциядан кейінгі жағдайын жіті қадағалап отырады. Демек, пациенттің амандығы медбикелерге де көп байланысты.

Бетті әзірлеген
Нұржамал
ӘЛІШЕВА.

АЛҒЫС

ЖЫЛЫ СӨЗ – ЖАНҒА ДӘРУ



Жанымыздың жәй ғана жылы сөзге де жадырап сала беретіні бар. Ежелден ата-бабамыздан жоғалмай келе жатқан «Жақсы-

ның жақсылығын айт, нұры тасысын» деген тамаша тәмсіл бар.

«Almaty aqshamy» газетінің жылда үйіне жаздыртып алатын тұрақты оқырманы, зейнеткер Забираш Истаева жаны жайсаң, адам жанының арашашысына айналған ақ халатты абзал жандарға біздің басылым арқылы алғысын білдіргісі келеді.

– Бүгінде заманауи медицинаның дамыған шағында науқастардың да, денсаулығын тексеруге ниет еткен адамдардың да таңдауы көп. Көңіліне жаққан медицина мекемесіне барып, толық тексеруден өте алады. Мұндай мекемелер ару Алматыда көптеп шоғырланған. Адам денсаулығындағы кез келген кінәратты дәл тауып, қолыңа қағазға басып шығарып беретін клиникалар да бүгінде соны технологиялармен жұмыс істейді.

Сондай мекемелердің бірі – «Рахат» клиникасы. Мұнда жоғары санатты дәрігерлер мен арнайы білімді медбикелер, кіші медицина қызметкерлері келген пациенттерге сапалы қызмет көрсетуге тырысады. Арнайы медициналық сараптамалар негізінде кеңестер беріп, қажетті дәрі-дәрмек пен емдеу шараларын белгілейді. Әр дәрігердің адамдармен сыпайы сөйлесіп, жақсы сөзбен емдеуінің өзі жаны ауырып келген науқастың дертіне дауа болғандай күй кешесіз, – дейді Забираш Истаева.

Клиниканың бас дәрігері Белоцерковский Виктор Александрович бастаған білікті, өз ісінің кәсіби мамандары Мұрат Сактағанов, Рысқұл Қасенова, Светлана Максимовнаға және Арайлым, Гузель, Айғаным, Айнұр сынды мейірімді қыздарға деген алғысында шек жоқ.



СУ АСТЫНДАҒЫ БАҒДАРЛАУ

Еуропа кубогы
кезеңін жеңіп
алды

Қарулы күштердің сарбазы **Шахноза Құрбанова** су астындағы бағдарлау бойынша Еуропа кубогы кезеңінің жеңімпазы атанғанын ҚР Қорғаныс министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады. Халықаралық жарыстар Германияның Зандерсдорф қаласында өтті. Оған 5 елден 65 спортшы қатысты.

Су астындағы бағдарлауда карта бойынша армия спортшысы Шахноза Құрбанова алтын медальды жеңіп алды. Төрт жүзүшінің қатысуымен 200 метрлік эстафетада ол күміске ие болды.

Еуропа кубогының соңғы кезеңі 9–11 маусым аралығында Чехияда өтеді.

«Бұл – су астындағы бағдарлау бойынша маусымдағы алғашқы жарыс. Менің оқушыларым өз мүмкіндіктерін толық көрсетті деп санаймын», – деді су астында жүзуден Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы Валерий Васильев.

Айта кету керек, бұл армия спортшысының алғашқы жеңісі емес.

Баскетболдан спорт шеберіне кандидат, су астында жүзуден халықаралық дәрежедегі спорт шебері Шахноза Құрбанова 2012 жылғы су астында бағдарлаудан Еуропа чемпионатының күміс жүлдегері (Испания), 2013 жылғы әлем чемпионатының қола жүлдегері (Ресей), 2015 жылғы әлем чемпионатының күміс жүлдегері (Чехия).

СОККА

Маусымның 11-інен 12-сіне қараған түні Германияның Эссен қаласында соккадан әлем чемпионатының финалдық матчы өтті. Қазақстан мен Украина құрамасы бас жүлдеге таласты. Бұл ойынды реванш деп те атауға болады. Себебі, командалар 2023 жылғы әлем чемпионатының топтық кезеңінде кездесіп, онда Украина 6:2 есебімен басым түскен еді.

Оныншы минутта Абай Елемесов қазақстандықтарды алға шығарса, 14-минутта Алтынбек Мырзабеков есепті еселеді. 18-минутта қарсылас команда ойыншысы Андрей Мельник алғашқы голын соқса, 37-минутта дубль авторы атанып, есепті тенестірді.

Матчтың негізгі уақыты тең аяқталып, ойын буллит сериясымен жалғасты. Онда қазақстандықтар 2:1 есебімен жеңіске жетті. Қорытынды есеп – 4:3. Осылайша Қазақстан құрамасы өз тарихында алғаш рет соккадан әлем чемпионатының алтын медалін иеленді. 2022 жылы ұлттық команда финалдық

ТАРИХТА АЛҒАШ РЕТ

Ұлттық құрама – әлем чемпионатының жеңімпазы



матчта Бразилиядан 0:3 есебімен жеңіліп, «күмісті» қанағат тұтқан болатын. Сокка – шағын футболдың бір түрі. Айырмашылығы

ойыншы саны мен алаңның көлемінде. Матч 20 минуттан екі тайм болады және әр командада 6 ойыншыдан қатысады.

ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА

Атлеттер бәйгесі



Дода Алматыдағы Орталық стадионда өтіп жатыр. Еліміздің барлық өңірінен атлеттер қатысып жатыр.

Сондай-ақ, ұлттық құрама команда өкілдері де бақ сынаиды. Кубоктік додамен қатар жасөспірімдер арасындағы ел чемпионаты да өтуде.

Екі бәсекеге еліміздің 12 аймағынан спортшылар қатысуда.

Нақтылап айтар болсақ, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Павлодар, Алматы, Солтүстік Қазақстан, Маңғыстау, Жамбыл, Қостанай, Қызылорда, Атырау облыстары мен Шымкент және Алматы қалаларынан жеңіл атлеттер жиналған. Турнир 30 маусымда аяқталады.

ТУРНИР



11 МЕДАЛЬ

Юниорлар бәсекесі аяқталды

Жеңіл атлетикадан Қазақстан командасы Иечхонда (Оңтүстік Корея) өткен Азияның юниорлар чемпионатында өнер көрсетуін аяқтады.

Біздің спортшылар турнирде 11 медаль жеңіп алуға қол жеткізді. Валерия Сафронова күміс (үш қарғып секіру), Ақбілек Құралбай (3000 метр кедергілермен), Ақбаян Нұрмәмед (800 және 1500 метр), әйелдер эстафеталық командасы (4-тен 400 метрге дейін) көзге түсті.

Сондай-ақ, команданың алты қола медалі бар. Үшінші болып Анастасия Рыпакова (ұзындыққа секіру), Ясмина Токсанбаева (10000 метрге спорттық жүрістен), Айна Болатбекқызы (3000 метр), Кристина Ермола (100 метр кедергілермен), Виктория Поправкина (үш қарғып секіру), Анастасия Колода (400 метр кедергілермен) келді.

ВЕЛОЖАРЫС

АЗИЯ БІРІНШІЛІГІ:
қоржында 2-ші алтын

Еліміздің велоспорт құрамасы Азия чемпионатынан 2-алтынды еншіледі.

Тайландтың Районг қаласында тасжолдағы велоспорттан Азия чемпионаты өтіп жатыр. Бүгін 23 жасқа дейінгі велошабандоздар арасында отандасымыз Андрей Ремхе мәре сызығын бірінші болып кесті.

Ол белгіленген 30 шақырымды 36:11.058 секундта бағындырды.

Одан кейін қытайлық Жу Цзиньян мен индонезиялық Мұхаммед Энди Ройан келді. Бірнеше күн бұрын аралас командалық сында (микс) Ұлттық құрама чемпион атанған. Ол кезде Қазақстан құрамасы сапында Евгений Федоров, Дмитрий Груздев, Игорь Чжан, Махаббат Үмітжанова, Рината Сұлтанова және Марина Кузьмина жарыс жолына шықты.

Жалпы Районгта сары құрлықтағы 27 елден келген 700-ге жуық велошабандоз ересектер арасындағы 42-ші, жастар арасындағы 29-шы, 11-ші пара Азия чемпионатында сынға түсіп жатыр. Мұнда Париж Олимпиадасына қажет рейтинг ұпайлары сарапқа салынады. Чемпионат 13 маусымда мәресіне жетеді.

Бетгі әзірлеген Гүлжанат СЕМБАЕВА.

БАСКЕТБОЛ

Ел чемпионатының екінші туры аяқталды



Алматыда облысы, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының жастар құрама командалары арасында баскетболдан ҚР чемпионатының екінші туры аяқталды.

Биыл Алматы қаласы құрамасының командалары облыстар мен Астана, Алматы және Шымкент қалаларының жастар құрамалары арасындағы ҚР Чемпионатына қатысады. Чемпионат 2023 жылдың сәуірінен қыркүйегіне дейін өтеді. Спорттық жарысқа еліміз бойынша 13 команда қатысады.

Алматы қаласы құрамаларының бас бапкері – Коровников Дмитрий. Екінші жаттықтырушы – Свиридов Дмитрий.

1–8 маусым аралығында Алматы қаласында жастар құрамалары чемпионатының екінші туры аяқталды. Алматы құрамасы 2-турды жеңіліссіз аяқтады. Есеп 5 ойын / 5 Жеңіс.

3-тур тамыз айында Алматы қаласында жоспарланса, PLAY-Off финалдық 4-туры Қостанай қаласында өтеді.

КАРАТЭ

Жапонияның Фукуока қаласында каратэден Premier League – Fukuoka 2023 халықаралық турнирі мәресіне жетті.

«Спортты дамыту дирекциясының» баспасөз қызметінен мәліметінше, премьер-лига додасына әлемнің 47 елінен 300-ден астам спортшы қатысып, бақ сынады.

Қазақстаннан ел намысын 25 каратэші қорғады.



Бұл жарыста тек әлемдік рейтингтің алғашқы отыздығына кіретін спортшылар

ғана өнер көрсетті. Сайыс қорытындысында батысқазақстандық Дархан Темір-

1 КҮМІС, 6 ҚОЛА

Халықаралық турнир нәтижесі осындай

әлиев 60 келіге дейінгі салмақта күміс жүлдегер атанды. Ринат Мерғалиев жаттықтыратын Дархан малайзиялық, сербиялық, жапониялық, куейттік, германиялық қарсыластарын ұтып, финалда тағы бір жапониялық спортшыға ғана есе жіберді.

Сондай-ақ, Мөлдір Жанбырбай (-50 кг), Гүлмира Үсенова (-55 кг), Дидар Әмірәлі (-67 кг), Лаура Әлікул (-68 кг), Софья Берульцева (+68 кг) және Абылай Төлтай (+84 кг) үздік үштікке ілікті.



«Almaty aqshamy» газеті Алматы мен Астана қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесіңізге мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

«Almaty aqshamy» жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері
сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне
2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

2023 жылдың 2-жартыжылдығына арналған жазылу науқаны басталды. «Almaty aqshamy» газетінің редакциясы тұрақты оқырмандар мен газетке жаңадан жазылып жатқан жазылушылар үшін дәстүрлі «Жазыл да, ұтып ал!» байқауын жариялайды. Байқау барысында бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

Алдымен газетке жарты жылға жазылғаныңыз жөніндегі түбіртеккі рәсімдеуіңіз қажет.

2023 жылдың 13 шілдесіне дейін редакцияға жазылымның көшірмесін конвертке «Жазыл да, ұтып ал!» деген белгімен жіберіңіз. Редакция мекенжайы: ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко к-сі, 106 А (Масаншы көшесінің бұрышы), каб. №21, тел.: 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03 немесе сканерленген жазылым билетін (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») alatauaqparat@mail.ru электрондық мекенжайына жіберіңіз!

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңіз, мекенжайыңызды және телефон нөміріңізді көрсетуіңіз қажет.

Қайда жазылу керек?

«Қазпошта» АҚ, «Еуразия пресс» агенттігі ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС барлық пошта бөлімшесінде.

2023 жылға арналған жарты жылдық жазылым бағасы:

Жеке жазылушылар үшін (жазылу индексі 65503) – 3603 теңге.

ҰОС қатысушылары, зейнеткерлер, мүгедектер және көпбалалы аналар үшін жеңілдік (индексі 95503) – 2643 теңге.

Ұтысқа тек жарты жылдық жазылымды рәсімдеген жазылушылар қатысады!

Ұтыс ойыны 2023 жылғы 14 шілдеде «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында конкурстық комиссия мүшелері мен тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімдері газеттің 2023 жылғы 20 шілдедегі санында жарияланады.

Сәттілік тілейміз, құрметті оқырман!

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Алматы қаласы әкімдігінің
2023 жылғы 12 маусымдағы
№2/220-324 қаулысына қосымша

Қауымдық сервитут белгіленетін жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Сервитут шекарасына кіретін жер учаскесінің ауданы (га)
1	20-321-067-004	Алатау ауданы, «Алғабас» ш/а, 7 көшесі, 126/2 учаскесі	0,3338
2	20-321-067-005	Алатау ауданы, «Алғабас» ш/а, 7 көшесі, 126/1 учаскесі	0,3295
3	20-321-067-011	Алатау ауданы, «Алғабас» ш/а, 134/5 учаскесі	0,4963
4	20-321-067-027	Алатау ауданы, 7 көшесі, 148 учаскесі	0,5374
5	20-321-067-030	Алатау ауданы, 7 көшесі, 144 учаскесі	0,6836
6	20-321-067-032	«Алғабас» ш/а, 7 көшесі, 134/13 учаскесі	0,1570
7	20-321-067-033	Алатау ауданы, «Алғабас» ш/а, 7 көшесі, 134/15 учаскесі	0,2348
8	20-321-067-035	Алатау ауданы, «Алғабас» ш/а, 7 көшесі, 134/3 учаскесі	2,4865
9	20-321-067-036	Алатау ауданы, «Алғабас» ш/а, 7 көшесі, 134/14 учаскесі	0,2964
10	20-321-067-049	Алатау ауданы, «Алғабас» ш/а, 7 көшесі, 134/20 учаскесі	0,7734
11	20-321-067-047	Алатау ауданы, «Алғабас» ш/а, 7 көшесі, 130 учаскесі	3,1393
12	20-321-031-010	Алатау ауданы, 99 учаскесі	0,0012
13	20-321-031-016	Алатау ауданы, учаске	0,0004
14	20-321-031-004	Алатау ауданы, ТЭЦ-2 мен ТЭЦ-1 аралығы бағдарлау орны, учаске б/н	0,0005
15	20-321-043-011	Алатау ауданы, 99 учаскесі	0,0076

ҚАУЛЫ

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ 2023 ЖЫЛҒЫ 12 МАУСЫМДАҒЫ №2/220-324 ҚАУЛЫСЫ

Алматы қаласының Алатау ауданында қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 16 және 69-баптарына және Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес,

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Автоматтандырылған газ тарату станциясынан А.Жақұтов атындағы ЖЭО-2 дейін жүргізіліп жатқан жоғары қысымды жерасты газ құбырының құрылысы үшін меншік иелерінен жер учаскелерін алып қоюсыз осы қаулының қосымшасына сәйкес жер учаскелеріне 3 жыл мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

2. Алматы қаласы жер қатынастары басқармасы Алматы қаласының энергетика және сумен жабдықтау ету басқармасымен бірлесе отырып:

1) жер учаскелерінің меншік иелеріне қабылданған қаулы туралы хабарласын;

2) осы қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

3) осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ә.Е.Әбдіқадыровқа жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Денсаулық сақтау ұйымдарында жүргізілген тексерулер туралы

Аудит объектілерінің тізбесі негізінде 2023 жылдың 1 жартыжылдығында Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының 13 ведомстволық бағынысты кәсіп-орындарында «СК-Фармация» ЖШС-де Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды, фармацевтикалық қызметтерді сатып алу мен пайдалануды жүргізудің негізділігі тұрғысынан Қазақстан Республикасы заңнама-сының, мемлекет және квазимемлекеттік сектор субъектілері активтерінің нормаларын сақтау бойынша сәйкестік аудиті жүргізілді.

Нәтижелері бойынша жалпы сомасы 13 852 734,8 мың теңгеге бұзушылықтар, оның ішінде жалпы сомасы 5013,9 мың теңгеге қалпына келтіруге жататын қаржылық бұзушылықтар және жалпы сомасы 13 847 720,9 мың теңгеге рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар анықталды.

Осылайша 3 ұйымда «СК-Фармация»

ЖШС-да сатып алынған және жалпы сомасы 5013,9 мың теңгеге тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсетуге арналған ақылы қызметтерге дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдар есептен шығарылды.

Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының 13 ведомстволық бағынысты ұйымдарында тиісті емес өлшем бірліктері бойынша түзетілген өтінімдерден сатып алынған дәрілік заттарды жалпы сомасы 13 847 720,9 мың теңгеге 10%-дан астамға азайту фактілері бар.

Мемлекеттік аудит объектілерінің Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын сақтауына жол берілген бұзушылықтар «СК-Фармация» ЖШС-де құралдарды пайдалану және дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алуды жүргізудің негізділігі

бойынша көзделген нәтижелер көрсеткіштеріне қолжеткізуге бағытталған даму жоспарларын әзірлеу мен орындаудың бұзылуына әкелді.

Қызметтің тиімділігін арттыру және жетілдіру мақсатында аудит объектілері мемлекеттің бюджет қаражаты мен активтерін пайдаланудың ашықтығын, тиімділігін, жауапкершілігін арттыру үшін ішкі бақылау жүйесін ұйымдастырудың тиімді жүйесін қамтамасыз ету жөніндегі ұсынымдарды орындады.

Кәсіпорындардың есеп саясатына өзгерістер енгізілді, жалпы сомасы 5013,9 мың теңгеге қаржылық бұзушылықтар жойылды және аудит объектілерінің лауазымды тұлғаларына 21 тәртіптік жаза қолданылды.

А.ТАСТАНОВ,
бөлім басшысы.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-12.

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
alatauaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80ВРҰ00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.

Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.



ӘМЕН ҚАЙДАР – 100

ҚАЗАҚ МУЛЬТФИЛЬМІНІҢ АТАСЫ

балалардың ең үлкен досы бола білді

Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясының «Қазақ анимация» шығармашылық бірлестігінде қазақ мультипликациясының атасы Әмен Қайдардың 100 жылдығы атап өтілді. Іс-шара барысында жұлдыздар аллеясындағы Әмен Қайдардың ескерткіш мемориалына гүл шоқтары қойылды.

Жиналған қауым назарына қазақ мультипликациясының 1967 жылы жарық көрген алғашқы туындысы – «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» фильмінің цифрландырылған нұсқасы ұсынылды. Сондай-ақ, ҚР Мәдениет министрлігінің тапсырмасымен, Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының қолдауымен түсірілген «Әмен ағаның ғажайып бәйтерегі» атты қысқаметражды мультфильмі көрсетілді. Іс-шараға жиналған ағайындар, сонымен қатар, Әмен Қайдардың жеке заттары қойылған, мемлекеттік архив ұсынған арнайы көрмені тамашалады.

Әмен Қайдар есімі аталғанда ойымызға бірден «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» фильмі оралады. Иә, біздің қазақ мультипликациясының тарихы Әмен атамның дәл осы фильмінен бастау алады. Мультфильм 48 елде көрсетіліп, Ленинградтағы III Бүкілодақтық кинофестивальдің лауреаты, ал 1975 жылы Нью-Йорктегі Халықаралық мультфильмдер кинофестивалінде «Қола праксиноскоп» сыйлығын жеңіп алған.

Шығармашылығын балалар әлемімен байланыстыра білген Әмен атамның, сондай-ақ, танымал анимациялық жұмыстары қатарында ұлтының рухани құндылықтарын арқау еткен «Ақсақ құлан», «Құйыршық», «Қожанасыр», «Күн шағылысы», «Тазша бала», «Сиқырлы кілем», «Қырық өтірік», «Ер Төстік» бар.

Қазақ анимациясының негізін қалаушы тұлға кинематографистер одағының хатшысы, кейін Суретшілер одағының төрағасы қызметін атқарды. «Құрмет белгісі», «Отан соғысы», «Парасат» ордендерімен, медальдармен марапатталды, Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, 3-дәрежелі «Барыс» орденінің, «Алтын Адам» сыйлығының, Тәуелсіз «Тарлан» жалпыұлттық сыйлығының иегері атанып, 2007 жылы «Экран шебері» атағын алды.



Әмен Әбжанұлы Қарағанды облысының тумасы. 40-жылдардың басында жас суретші Ұлы Отан соғысына барып, Сталинградты қорғауға және Украинаны азат етуге қатысқан. Корсун-Шевченко шайқасында ауыр жарақат алған.

Соғыстан кейін бала күнгі арманына жету үшін Қазақ мемлекеттік театр-көркемсурет училищесіне түсіп, 1946–1950 жылдар аралығында графиканы оқып шықты. Содан кейін Бүкілодақтық мемлекеттік кинематография институтында білімін жалғастырып, қазақ киносында жаңа жанр – мультипликацияның негізін қалады. 1966 жылдан бастап ол «Қазақфильмде» мультфильмдер бөлімінің көркемдік жетекшісі болды, сол кезде алғашқы қазақ мультфильмдері дүниеге келді. «Қазақфильм» киностудиясында Ә.Қайдардың жетекшілігімен 47 фильм жарық көрді.

ТҮРКСОЙ – 30

Алматыдағы Әбілхан Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінде ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымының құрылуының 30 жылдығына арналған «Біз біргеміз» атты көрме ашылды. Көрме экспозициясына музейдің қорынан алынған 40-тан астам қазақ бейнелеу өнерінің ең ірі коллекциясы және Түркістаннан келген 30 кескіндемелік туынды ұсынылған.

«МЕРЕЙТОЙЛЫҚ КӨРМЕ»

Көрме түркі халықтарының рухани жақындасуын және бауырластық бірлігін нығайтуға, түркі әлемінің бай мәдени мұрасын сақтауға және таныстыруға жәрдемдеседі дейді ұйымдастырушылар.

– Мерейтойлық көрме көшпенділер мәдениетінің ерекшелігін көрсетеді, қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстырады. Ежелгі заманнан бері түркі халықтарын біріктіріп келе жатқан рухани және этикалық құндылықтар Қазақстанның әртүрлі ұрпақтарының танымал суретшілерінің шығармаларынан көрініс табады. Олар Шығыс өнеріне тән түрлі-түсті ою-өрнектер мен пішіндердің талғампаз бейнелеріндегі кодтар арқылы белгіленген. Суреттерде Қазақстан мен Орталық Азия елдерінің тарихы бейнеленген, Дала өлкесінің қайталанбас табиғатының, көрнекті қайраткерлерінің бейнелері ұсынылған, – дейді көрме жетекшісі К.Мұқажанова.

Экспозиция еліміздің көрнекті өнер шеберлерінің ғаламат туындыларымен таныстырады. Қазақстанның халық суретшілері Әбілхан Қастеев, Әубәкір Ысмаилов, Сабыр Мәмбеев, Айша Ғалымбаева, Қанафия Телжанов, Молдахмет Кенбаев сынды тұлғалардың бірегей жұмыстары сізді баурап алары сөзсіз.



Суретті түсірген ҚАЙРАТ ҚОНЫСБАЕВ.

МӘДЕНИЕТ

ҰЛЫ ДАЛА МҰРАСЫ

Алматыда «The Spirit of Tengri» этникалық музыканың мерейтойлық фестивалі өтті



Алматының Абай алаңында «The Spirit of Tengri» этникалық музыканың мерейтойлық фестивалі өтті. Орталық Азиядағы ең ірі заманауи этникалық фестивальға биыл 10 жыл толды. Мәдени іс-шарада Алматы қаласы әкімі атынан қала әкімінің орынбасары Әсем Нүсіпова сөз сөйледі.

«Он жыл ішінде Алматының ең жарқын халықаралық мәдени жобасының бірі «The Spirit of Tengri» фестивалі музыка әлемінде танымал брендке айналды. Ол әлемге Алматының бірегейлігі мен сан қырын, Қазақстанның достығы мен қонақжайлылығын танытып, халықты мәдениетке жақындата түседі», – деді Әсем Беккызы.

Аталған этникалық музыка фестивалі жобасының негізін қалаушы әрі идеясын іске асырушы, белгілі медиаменеджер Батыр Қазыбаевты еске алуға арналды.

Иә, 2013 жылы құрылған «The Spirit of Tengri» халықаралық жобасы қазақстандықтар мен еліміздің меймандарын Ұлы дала және бүкіл әлем халқының мұрасымен таныстыруды мақсат еткен. Осынау 10 жыл ішінде фестивальдер барысында әлемнің 90-нан астам елінен 500-ден астам танымал музыканттар мен ұжымдар өнер көрсеткен. Ал көрермендері 120 мыңнан асып жығылды.

ЮНЕСКО қолдауымен өткен фестиваль сахнасында 14 үздік музыкалық ұжым өнер көрсетіп, әлемнің 12 елінің, атап айтсақ, Қазақстан, Италия, Иран, Гана, Сербия, Испания, Венгрия, Түркия, Үндістан, Грузия, Қырғызстан және Өзбекстанның мәдени дәстүрлерін паш етті. Барлық музыкалық қойылым жанды дауыспен, әсерлі декорациямен, түрлі-түсті лазерлік шоумен сүйемелденді.

Музыкалық ұжымдар арасында қазақстандық «Тұран» ансамблі де өнер көрсетіп, өз репертуарынан композициялар орындады.

«Біздің музыкамыз генетикалық кодқа әсер етеді. Көрермендер концерттерімізге ата-бабаларымыздың рухын сезіну, сана-сезімін ояту және музыкалық аспаптар туралы көбірек білу үшін келеді. Биыл біздің құрылғанымызға 15 жыл толды. Ансамбльде бес адам бар, біз домбырадан бастап



Суреттерді түсірген ҚАЙРАТ ҚОНЫСБАЕВ.

30-дан астам ежелгі қазақ халық музыкалық аспаптарында ойнаймыз. Айта кетейін, бізде бір ғана домбыраның жеті түрі бар», – дейді музыкант Серік Нұрмолдаев.

Фестиваль аясында «Global Village» жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Меймандар колөнершілердің бірегей бұйымдарын сатып алып жатты. Сондай-ақ, әлем халықтарының ұлттық тағамдарынан дәм татты. Ал фестивальдің ең кішкентай көрермендері үшін ойын алаңы жасалып, қазақтың ұлттық ойындарынан сайыстар өтті.

Әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШЕВА.